

Тәуелсіз Қазақстан тарихының басты тағылымы мынада: кез келген тығырықтан жол тауып, кедергіні – мүмкіндікке, тәуекелді – табысқа айналдырып, ең асқақ арманға қол жеткізу – әркімнің өз қолында.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ



«МЕРЕЙЛІ
ОТБАСЫ-2021»:
жеңімпаздар
марапатталды

3

МӘСЕЛЕ



ҰЛТТЫҚ ӨНЕГЕ, ҚАЗАҚЫ
БОЛМЫС МАҢЫЗДЫ
Білім ошақтарына
ұлттық тәрбие керек

5

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.09.2021

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

12.09.2021

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

БАСТЫ БАҒДАР – ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ЖАЙЛЫ ТҰРМЫС



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қалалық Қоғамдық кеңестің отырысында шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуын, алматылықтардың өмір сүру сапасын жақсартудың өзекті мәселелері мен болашақтағы міндеттерді талқылады.

Қала әкімі дамудың негізгі экономикалық көрсеткіштерін атап өтті. 7 айдың қорытындысы бойынша қала экономикасын қалпына келтірудің жоғары қарқыны қамтамасыз етілді. Қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіш биылғы қаңтар–шілде айларында 109,1%-ды құрады. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 782,9 млрд. теңгені құрап, 22%-ға өскен.

2

ТАҒЫМ

ҒАСЫРМЕН ҚҰРДАС АРДАҒЕР

Қайырлы Жоңқабаевқа Алматыда
құрмет көрсетілді



Әлемге әйгілі Панфилов дивизиясының көзі тірі соңғы жауынгері, Ұлы Отан соғысының ардагері Қайырлы Жоңқабаев биыл 10 қыркүйекте 100 жасқа толды. Майдагерді Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев арнайы қабылдап, жүз жылдық мерейтойымен құттықтады. Бұл туралы әкім өзінің Twitter-дегі парақшасында жазды.

7

ҚЫСҚА...

- Қазақстан 2060 жылға қарай көмірден толықтай бас тартпақшы.
- Елімізде мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры дайындалып жатыр.
- «Алтын Орда» базары жанындағы автожол учаскесіндегі құрылыс жұмыстары қазанда аяқталып, қараша айында пайдалануға беріледі.
- Мегаполисте жыл басынан бері миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.
- Қаладағы мектептер жанындағы 73 футбол алаңы жаңартылады.
- Қалада суррогат алкоголь өнімін дайындайтын 8 жасырын цех анықталып, қызметі тоқтатылды.
- Еуролига промофиналы аясында Қазақстан құрамасы екінші ойынын Литвамен өткізіп, 3:1 есебімен жеңіске жетті. Ертең қазақстандықтар Түркиямен кездеседі.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

БАСТЫ БАҒДАР – ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН
ЖАЙЛЫ ТҮРМЫСӘсел
ДАҒЖАН

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 538,6 млрд. теңгені, ХҚҰ – 119,7%-ды құрады. Жыл басынан бері 1189,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 2 млн. 604 мың шаршы метр баспана салу жоспарлануда. Жыл басынан бері тұтыну бағасының индексі тамызда 105,6%-ды құрады.

Жиын барысында қала әкімінің орынбасарлары өздері басқаратын салалардың дамуы туралы баяндады.

Е.Бабақұмаров COVID-19 пандемиясымен күресу шаралары туралы баяндап, соның арқасында қала КВИ таралуының төрт тоқпанына да төтеп бергенін айтты. Сонымен қатар, қаланың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларының дамуы туралы айтылды.

С.Құсайынов автокөлік инфрақұрылымының дамуы, жолаушыларды тасымалдау, көгалдандыру және экологияны жақсарту мәселелерін шешу туралы баяндады.

М.Әзірбаев тұрғын үй құрылысының қарқыны, әлеуметтік нысандар, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылым мен қала құры-

(Соңы. Басы 1-бетте).

лысы қызметінің дамуы, жерді тиімді пайдалану туралы айтты.

М.Қиқымов шағын және орта бизнесті қолдау мен халықты әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамтуға ықпал ету шаралары мен жұмыс орындарын құру, сондай-ақ инвестициялық тартымдылықты арттыру, туризмді дамыту, оның ішінде Алматы тау кластері туралы әңгімеледі.

И.Өсеров әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу, экономиканы тұрақтандыру шаралары туралы баяндады.

Қоғамдық кеңес мүшелері өзекті мәселелер көтеріп, мегаполисті дамытудың түрлі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізді. Заңдылық пен құқық тәртібі жөніндегі комиссияның төрағасы Н.Жазылбеков қозғаған мәселе бойынша қызметтік полицияның пилоттық жобасын іске асыру қаланың азаматтық қоғамымен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асатыны тұжырымдалды.

Қаланың жайлы ортасы жөніндегі комиссияның төрағасы М.Шибұтов тарихи орталықта құрылысы шектеулі жаңа құрылыс ережелерінің өзектілігі мен маңыздылығына тоқталды. Қоғамдық кеңестің мүшесі Б.Қиқымовтың сұрағына қатысты қалада 667 қызметкер, оның ішінде мұражай, театр мен кітапхана қызметкерлері үшін ағылшын тілінің онлайн-курстары басталғаны хабарланды. Сонымен қатар, туризм индустрия-

сын дамыту, тау туризмі үшін қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау бойынша шаралар қабылданды.

С.Пономарев экологиялық мәселелерге, атмосферадағы зиянды қалдықтарды төмендетуге және электротакси қызметін дамытуға тоқталды. Т.Елеусізов қала тұрғындарын ағаш отырғызуға белсенді түрде тарту мақсатында қабырғаға мурал салуды ұсынды. Қ.Шайх азық-түлік бағасын төмендету тетіктері, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бірқатар ұсыныстар енгізді.

У.Іңкәрбеков мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді қалалық ортаны құру қажеттілігіне тоқталса, М.Абдушукуров жастарға патриоттық тәрбие беру, Ауған ардагерлерін қолдау мен оңалту туралы өз пікірін білдірді.

Қалалық Қоғамдық кеңестің төрағасы Р.Алшанов кеңес мүшелері алдағы уақытта да билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалогқа өз үлестерін қосатынын атап өтті.

Кездесуді қорытындылаған Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев мұндай кездесулердің басты мақсаты – қала тұрғындарының өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыру, жайлы өмір сүру үшін инфрақұрылымды жақсарту бойынша бірлескен шешімдерді әзірлеу және қабылдау екенін атап өтті. Мегаполис әкімі барлық ұсыныстардың егжей-тегжейлі қаралатынын, қойылған сұрақтарға толық түсініктеме берілетінін айтты.

ӘЛЕУМЕТТІК КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫ
жастарға қажетті қолдау көрсетедіАқтоқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қалалық Қоғамдық кеңес төрағасы Рахман Алшановпен бірге әлеуметтік коворкинг орталығының қайта құру және кеңейту жұмыстары аяқталғаннан кейінгі ашылуына қатысты. Мұнда қаланың Азаматтық орталығы аясында жұмыс істейтін «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қоры жұмыс істейді.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында азаматтық мәдениетті дамыту жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі жаңғыртудың маңызды факторы болып табылатынын атап өткен болатын. Осыған байланысты диалог пен азаматтық қатысу дәстүрлерін дамыту қажет. Ал аталған орталық дәл осы бағытта да жұмыс істейді.

«Бұл жұмыстарымыздың бәрі мемлекеттің жастарға деген

үлкен қамқорлығы. Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі. Алдағы уақытта да осындай орталықтарды көптеп ашып, білімді, білікті жастардың санын көбейтеміз деген сенімдеміз», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров.

Алматы – жастар қаласы. Бүгінде қала әкімдігінің қолдауымен түрлі коворкинг орталықтары ашылып, жастардың интеллектуалдық қырын ашуға, олардың шығармашылықпен айналысуына үлкен мүмкіндіктер туғызуда.

Қазіргі таңда қаламыздың әр ауданында кітапхана түріндегі, бизнес бағытындағы коворкинг орталықтар бой көтеруде. Солардың бірі де бірегейі ретінде «Тенгиз TOWERS» ғимаратында орналасқан «IKUMENA» орталығын ерекше атап өткен жөн. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен жұмысын бастаған коворкинг орталыққа келген адамға іздеген барлық ақпараты қолжетімді. Сондай-ақ, онда құқықтық көмекке жүгініп, психологтерден кеңестер алуға болады. Оған қоса, ресурстық орталықта түрлі бағыттағы семинарлар мен тренингтер өткізіледі.

Коворкинг орталықтың негізгі мақсаты – коммерциялық емес ұйымдардың қатысушыларына, волонтерлер мен өз жобаларын іске асыратын немесе өз идеяларын жүзеге асыруға ниет білдірген жастарға қажетті қолдау көрсету, олардың басын қосып, өз алаңында біріктіру.

«Орталық жастарға жақын болуды көздейді. Әр саланың кәсіби маманын шақырып, ашық есік күндерін өткізуді де қолға алмақпыз. Біздің негізгі мақсат – жастардың жарқын тұлғасын қалыптастыру. Қазіргі таңда біздің орталыққа Алматы қаласынан бөлек, облыстардан, аудандардан хабарласып, біздің құқықтық кеңесімізге жүгінуде. Жаңадан ашылған ғимаратымызда: техникалық жабдықталған ыңғайлы жұмыс орны, конференц-зал, іскерлік кездесулерге арналған бөлме бар, мұнда көшіру қызметтерін де қолдануға болады», – деді «Ақпараттық-ресурстық орталығы» қоғамдық қорының директоры Алтынай Орманқалиқызы.

МОБИЛЬДІК БАҚЫЛАУ ТОПТАРЫ
жаңа алгоритм бойынша жұмыс істейдіГүлжанат
СЕМБАЕВА

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қаланың мониторингтік топтары мен кәсіпкерлер қауымдастығының жетекшілерімен вакциналануды тексеретін рейдтер ұйымдастыру сұрақтары бойынша кеңес өткізді.

Отырысқа санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы, мегаполистің мемлекеттік бас санитар-дәрігері Ж.Бекшин, қала прокурорының бірінші орынбасары Б.Адамов, сонымен қатар, қалалық Ұлттық кәсіпкерлер палатасының директоры А.Кошмамбетов, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы М.Барышев, Іскерлік кеңес жанындағы комитет төрағасы Д.Қыдырбаев, Қазақстан Республикасының қоғамдық тамақтану ассоциациясының өкілі В.Нұрпейісова, Қауымдастықтың жетекшісі, Қазақстанның реставраторлар клубынан Г.Катибаева және т.б. қатысты.

Ағымдағы жылдың 7 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау жөніндегі ведомстваралық комиссияның (БАК) отырысында кәсіпорындарды COVID-19-ға қарсы вакцинацияның бірінші компонентімен вакциналауға кәсіпорындарды тексеру алгоритмі бекітілді. Сонымен, жаңа алгоритмді ескере отырып, жұмыс кестесін, әлеуметтік қашықтық пен бетперде режимін сақтаудағы тәртіп бұзушылықтардан басқа, мониторинг топтары кәсіпорын қызметкерлерінің COVID-19-ға қарсы вакцинацияның бірінші компонентімен вакциналанғанын тексереді.

Отырыс барысында қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Алматыда мобильдік бақылау топтарының жұмысын ұйымдастыру міндеттерін айтты. Біріншіден, қызметкерлер саны 50-ден асатын және қызметкерлерінің 60%-дан азы COVID-19-ға қарсы вакцинацияның бірінші компонентімен вакциналанған кәсіпорындардың тізімін жасауды тапсырды. Екінші-


ден, кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізудің жаңа ережелері туралы хабарлау мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтіледі. Бұл ретте Ержан Бабақұмаров қалалық кәсіпкерлер палатасының басшылығы мен бизнес-қауымдастық өкілдерін вакциналанбаған қызметкерлерді қызмет нысанына жіберу қаупі мен вакцинамен қамтуды кеңейтудің маңыздылығын түсіндіру бойынша бірлесу жұмыс істеуге шақырды.

Мониторингтік топтар бүкіл ел бойынша жұмыс алгоритмін қатаң басшылыққа алады. Бүгінде Алматыда 40 мониторингтік топ жұмыс істейді. Алматы қаласында СЭБД мәліметтері бойынша жыл басынан бері 3934 жергілікті тексеру жүргізілді, 37972 нысан қамтылды. Заңды және жеке тұлғаларға 433 миллионнан астам сомаға 5706 хаттама жасалды. Соттарға 76 материал берілсе (462-баптың 3-бөлігіне және 425-баптың 1-бөлігіне сәйкес), оның ішінде 65 материал бойынша шешім қабылданды.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда
арнаулы-орта білім беретін
83 оқу орны жұмыс істейді.



Жыл басынан бері
125 393 м²
алаңға шұңқыр жөндеу
жұмыстары жүргізілді.



2022 жылға
дейін
қаланың барлық аумағы
орталықтандырылған
су жүйесімен қамтамасыз
етіледі.



Шаһарда жолаушыларды
тасымалдауға
2441
автобус тартылған.



Белсенді өмір сүру
орталықтарына
23 мыңнан
астам
алматылық тіркелген.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Гахрман САДИЕВ, «Озан» әзірбайжандықтар қоғамының төрағасы:



— Мен Тәуелсіз Қазақстанның тұрғынымын. Өзге ұлт өкілі болсам да, жаным — қазақ. Қазақстанымды мақтан тұтамын. Шет елдегі достарыма өз елім туралы мақтанышпен айта аламын. Осындай дархан елде өмір сүріп жатқанымға өте қуаныштымын. Тәуелсіздік біз үшін өте қымбат. Отбасымызда барлығымыз дерлік қазақ халқының салт-дәстүрін ұстанамыз. Тәуелсіздіктен асқан бақыт жоқ. Биыл Тәуелсіз елімізге 30 жыл толды. Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласы — Тәуелсіз Қазақстанның жемісі. Ал алып шаһар Алматым мәдениет пен өркениеттің тоғысқан ортасына айналды. Еліміз жылдан-жылға көркейіп келеді. Басты қазынамыз — Тәуелсіздік. Әлемдегі кей елдердің аш-жалаңаш, білімсіз, бақытсыз балаларын көргенде өз Отаным деген патриоттық сезімім тіпті күшейе түседі. Қысқасы, менің елім, ол — менің ата-анам, достарым, жұмыс істейтін сүйікті ортам.

Әсем АЛТАЙҚЫЗЫ, «Болашақ» бағдарламасының халықаралық стипендианты:



— Биыл кәсіпкерлігіме Тәуелсіздігімізге — 30 жыл. Бұл — қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұңғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, 30 жыл — көзді ашып-жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Тамырын тереңге жайған тарихыма көз жіберер болсам, көкейге талай сұрақтың келетіні рас. Мысалы, «Біз кіміз?», «Жұмыр жер бетінде қашан пайда болдық?», «Қай жерді мекен еттік?», «Тіліміз, мәдениетіміздің деңгейі қандай?».

Біз — Өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен сақтан қалған сарқыт, ғұннан қалған жұрнақ — үйсіннің жүріп өткен ізіміз. Біз — қазақпыз! Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы сынға түскен жаугершілік заманда, яғни 1458 жылы Әбілқайыр хандығынан іргесін бөлген Жәнібек пен Керей сұлтан Моғолстан жеріне, Шу бойы мен Қозыбасқа алғаш еркіндіктің жалауын тіккен батыр елдің ұрпағымыз деп мақтанамын.

Аружан АЛҒАДАЙ, студент:



— Тәуелсіз болу — ең керемет сезім. Себебі, тәуелсіз болу — еркін, азат, ешкімге бағынышты болмау. Бұл — мемлекет атанған әрбір ұлттың басты нышаны, алдыңғы қатарлы ел болудың алғашқы сатысы. Биыл егемендік алғанымызға тура 30 жыл. Осы жылдар ішінде жеткен жетістіктер аз емес. Мұның барлығы — егемендіктің нәтижесі. Тәуелсіздік алған уақыттан бастап еліміздің басында көптеген жағдайлар орын алды. Соның бірінің дәлелі — қазіргі таңдағы еліміздегі пандемиялық жағдай. Осындай келеңсіз жағдайларға қарамастан еліміз дамуын бір сәтке де тоқтатқан емес. Мен өз еліммен қашан да мақтанамын.

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2021»: жеңімпаздар марапатталды



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 2013 жылдан бері дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан «Мерейлі отбасы–2021» ұлттық байқауының жеңімпаздары анықталды.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі кеше, 10 қыркүйек күні онлайн-режимде өтті. Қоғамдағы отбасы мәртебесін көтеруге бағытталған байқау қорытындысына арналған салтанатты шараға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Ләззат Рамазанова, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, өзге де қала басшылары мен байқау жеңімпаздары қатысты.

Қырымбек Елеуұлы байқау жеңімпаздарын құттықтай келе, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жолданған құттықтау хатын оқып берді: «Қадірлі қауым! «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы — халқымыздың біртұтас ұлт ретінде ұйысуына негіз болып отырған отбасы құндылықтарын дәріптейтін айтулы бәйге. Биылғы байқау қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына

орай ұйымдастырылуда. Мен Қазақстанда әр шаңырақ берік болып, әрбірі бақытты ғұмыр кешкенін қалаймын. Сол үшін отбасы саясатына баса мән беремін. Ұрпақтың бойындағы адамгершілік пен адалдық, еңбекқорлық пен мейірімділік, ұлжандылық пен отаншылдық сияқты асыл қасиеттер, ең алдымен, отбасында қалыптасады. Қазақ қашан да ата-ананы сыйлаған, үлкенге — құрмет, кішіге — ізет көрсете білген жұрт. Қазіргі жаһандану заманында рухани құндылықтарды халқымыздың өмір салтына айналдыру — аса маңызды міндет. Жыл сайын отбасы күніне орай өткізілетін ұлттық конкурс бұдан әрі де жалғасады. Мұның әсіресе, жастар үшін берер тағылымы мен тәлім-тәрбиесі, әдебі зор. Елімізде береке-бірлігі ұйыған, еңбегімен танылып, айналасына үлгі болып отырған өнегелі әулеттер аз емес. Соның ішінде бүгінгі байқаудың лауреаттары — жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып, дараланып шыққан нағыз мерейлі отбасылар. Сіздердің қай-қайсыңыз да жеңімпаз атануға әбден лайықсыздар. Баршаңызға саналы ұрпақ тәрбиелеп жатқандарыңыз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Келе жатқан Отбасы күні құтты болсын! Әр шаңыраққа бак-береке тілеймін», — деп жазылған ҚР Президентінің құттықтау хатында.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін байқауға биыл 3000-ға жуық отбасы өтінім білдірген. Биылғы ұлттық байқаудың ең басты ерекшелігі — әр өңірден 1 отбасы жеңімпаз деп танылған. Яғни

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

тартысты, тағылымды бәйгеде алдына қара салмай, оқ бойы оза шапқан 17 өңірден 17 отбасы үлкен қуанышқа ие болды. «Мерейлі отбасы» конкурсының лауреаттарына дипломдар, байқаудың арнайы статустық және 5 млн. теңгелік сертификаттар табысталды.

Бұл байқауда Алматы қаласының намысын Ахметовтер әулеті қорғады. Белгілі хирург, денсаулық сақтау саласына өлшеусіз үлес қосқан Аймырза Ахметовтың жанұясы «Мерейлі отбасы» бәйгесінде жеңімпаз атанды. Оның жары, әулеттің отанасы Күнсары Ахметова да дәрігерлік жолда талай жыл қызмет еткен. Бүгінде балалары, немере мен шөберелері де ата-әжесінің салған сара жолын жалғап келеді. Үш ұрпаққа жалғасқан дәрігерлер династиясы медицинаның әр саласында қажырлы қызмет атқаруда.

— 1956 жылы шаңырақ көтердік. 65 жыл тату-тәтті өмір сүрдік. Тағдырдың дегеніне көніп, жақында отағасын ақтық сапарға шығарып салдық. Ол кісі мықты хирург-дәрігер болды. Мамандығына деген адалдығы сол, 15 жыл осы салада жұмыс істеді. Жұмысына бар ынта-жігерін арнаған кісі болды. Көзі тірі кезінде «Аңызға айналған хирург» атағын алды. Тіпті, өзі ота жасап жатқан сәтте де емделушілеріне қан берген кездері болған. Сол себепті, емделушілері оны көргенде «біздің бойымызда Ахметовтың қаны бар» деп айтатын. Өйткені, оның қаны 1-топ болатын, бәріне сәйкес келетін. Ол осындай керемет жан еді. Қазіргі таңда 3 қыз тәрбиелеп өсіріп, одан 5 немере, 5 шөбере сүйіп отырмыз. Отағасының жолын балалары жалғастырып келеді. Қыздарым белгілі бір клиниканың бас директорлары, дәрігер болып қызмет етіп жатқан немерелерім, акушер-гинеколог болып жұмыс істеп жатқан шөберелерім бар. Осындай «Мерейлі отбасы» деп аталатын ұлттық байқау ұйымдастырып, отбасымызды сыйлап, құрметтеп жатқандарыңызға алғысымды білдіремін. Қазақ елі аман болсын. Жұмыстарыңыз жемісті болсын. Індетті аман-есен жеңіп шығайық, — дейді Күнсары Ахметова.

Аталған байқау биыл жетінші рет өткізіліп жатыр. Жарасымды жанұя мен ізгілікті қасиеттерге толы әулет қашан да көпке үлгі болуға тиіс. Осындай мақсатта өткізіліп жүрген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының ғұмыры ұзақ боларына сенеміз.

ІРІКТЕУ

АЛМАТЫДА ПРЕЗИДЕНТТІК КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВКЕ 45 АДАМ ӨТІНІШ БЕРДІ



Рая ЕСКЕНДІР

1 қыркүйектен бастап Президент жанындағы жастар кадрлық резервіне іріктеудің екінші кезеңі басталды. Іріктеу барысында еліміздің мемлекеттік сектор резерві қатарына 50 адам қабылдануы тиіс.

Онлайн-брифинг кезінде Алматы қаласы бойынша мемлекеттік қызмет істері басқармасы басшысының орынбасары Шынарбай Әлімхан Президент жанындағы жастар кадрлық резервіне қабылданатын кандидаттардың ең алдымен қандай талаптарға сай болуы туралы айтты.

Басқарма басшысының айтуынша, Президенттік кадрлық резервке үміткерлер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек. Жасы 35-тен аспаған, жоғары білімді, жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс. Қазіргі іріктеудегі жаңашылдық — үміткерлер мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін растап, ұлттық стандарттарға сәйкес орташа деңгейден (B1) төмен болмау керек.

Іріктеу шартына сәйкес, кандидаттар мемлекеттік тілде мәтін құрып, өз пікірін

дәлелді түрде жеткізуге, қарапайым диалог жүргізуге міндетті.

Кезекті іріктеудің тағы бір айырмашылығы, кадрларды іріктеу процесі тек қажетті білімді, дағды мен қабілетті ғана емес, сонымен қатар үміткерлердің шынайы мотивтері мен олардың ниеттерін бағалайды.

— Мемлекеттік сектор үшін алдымен қоғамдық мүдделерді басшылыққа алатын жас таланттарды табу маңызды. Сондықтан барлық үміткерлер іріктеу кезінде ситуациялық тапсырмалар мен мінез-құлық бойынша сұхбаттасады, — деді Шынарбай Әлімхан.

Бұл іріктеуге Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадрлық резервінде тұрған адамдар іріктеуге қатыса алмайды.

Іріктеуден өткендер «А» корпусының саяси әкімшілік лауазымдарына және жетекші «Б» корпусына тағайындалады. Резервте болу мерзімі — 3 жыл.

Бұл ретте Мемлекеттік қызмет істері департаментінің өкілі Президенттік резервке тіркелу резервте болу кезеңінде лауазымдарға міндетті түрде тағайындалудың шарты болып табылмайтынын айтты.

Тағайындау резервтегі адамдар мен қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа адамдардың арасынан да жүргізілуі мүмкін.

Алғашқы кезеңде құжаттар мамандандырылған онлайн-платформада бір ай ішінде қабылданса, екінші кезеңде мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті бағаланады. Ал үшінші кезеңде үміткерлерге ситуациялық тапсырмалар беріледі.

Іріктеудің төртінші кезеңде құзыреттілік бағалау орталығы және құзыреттілік бойынша сұхбат арқылы бағаланады. Бесінші кезеңде үміткерлер сараптамалық комиссия бойынша сұхбаттан өтеді.

Президент Әкімшілігінің жанынан құрылған арнайы комиссия алдыңғы іріктеу кезеңдерінен сәтті өткен әрбір үміткермен жеке сұхбат жүргізеді.

— Сұхбаттасу нәтижелері бойынша Сараптамалық комиссия резервке жазылуға ұсынылған кандидаттардың тізімін жасайды. Ол Ұлттық комиссияның қарауына жіберіледі. Іріктеудің соңғы кезеңінде үміткерлерді кадрлық резерв жөніндегі Ұлттық комиссия қарайды, — деді Шынарбай Әлімхан.

Өзірге Алматы қаласы бойынша 45 үміткер тіркелсе, республика бойынша үміткерлер саны — 281.



АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ ТЕТІГІ



**Аяжан САФИҚЫЗЫ,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және
дінтану институтының бас ғылыми
қызметкері, философия ғылымының
докторы, профессор**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында алдымызға қойылған экономикалық, саяси, әлеуметтік және дүниетанымдық міндеттер еліміздің көркеюінің эволюциялық бағытын жалғастыруға және дамытуға бағытталды. Пандемия, әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында Қазақстанның қоғамдық дамуының жаңа кезеңі қазіргі замандағы қоғамының көптеген салаларында жаңа тәсілдер мен тетіктерді объективті түрде саралауды қажет етеді және алдымызға жаңа мақсаттар қойып, жаңа әдістерді әзірлеуді талап етеді. Бүгінгі таңда адамзаттың, әлемнің, мемлекеттердің алдында шекті және шектен тыс сұрақтар көп туындап отыр. Бірақ жаһандық проблемалар дамудың үлкен де жаһандық мүмкіндіктерін ашады. Өйткені, қиын кезеңдерде нақты даму болады, мұндай қиындықтар жедел шешімдерді қажет етеді.

Қазіргі әлем стандартты емес шешімдерді, барлық жерде шығармашылық көзқарасты жоғары бағалайды. Бұл, ең алдымен, алға қойылған мақсаттар мен құндылықтарды қайта қарастыру қажеттілігімен байланысты. Қазіргі заманғы алдыңғы қатарлы мемлекеттер одан әрі дамуды қамтамасыз ететін жаңа стратегияны қабылдап, дамудың жаңа деңгейіне шығып отырғаны белгілі.

Қазақстандық қоғамда болып жатқан әлеуметтік трансформациялар мен жаңғырту үдерістері рухани өмір мен құндылықтар жүйесіне сөзсіз ықпал етеді. Табысты және тиімді жаңғырту және мәдени даму бір-бірімен өзара байланысты және өзара тәуелді. Тұтастай алғанда, рухани дамусыз, тәрбие, білім беру мәдениетінсіз, ғылымсыз мемлекетте сапалы жаңғыртуды толыққанды жүргізу мүмкін емес. Бұл процестер қоғамның үміттерімен үйлесімді болуы үшін олар дәстүр мен мәдениетке негізделуі керек.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында сапалы білім беруге ерекше көңіл бөлінді. Елдегі және әлемдегі қазіргі жағдай оқу орындарының алдына сапалы білім беру, жастардың санасында қоғамдық идеялар мен көзқарастарды қалыптастыру бойынша күрделі міндеттер қояды. Білім беру

мен жас ұрпақты тәрбиелеу қазақстандық қоғамның жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтар төңірегінде шоғырлануға негізделеді.

Елімізде этносаралық қатынастар мәдениетін, ұлтаралық толеранттылық пен ментальдық үйлесімділікті қалыптастыруға ықпал ететін ізгілік, келісім мен төзімділік сияқты құндылықтар мен идеалдарға әр кезде де өте көп көңіл бөлінген. Прогрессивті идеялар мен ұстанымдардың негізін гуманистік дүниетаным құрауы тиіс. Тек осы негізде ғана рухани және адамгершілік саласындағы теріс үрдістерді еңсеруге болады. Қазақстанның қоғамдық-экономикалық дамуының прогрессивті негізі адами капитал болып қала береді. Білім беру адами капиталды қалыптастыру мен дамытудың өзегі болып табылады. Білім беру жүйесі арқылы адам өзін қоғамда өмір сүруге, алдағы кәсіби қызметке дайындайды, сол арқылы адам өмірінің сапасы жақсарайды.

Бүгінгі таңда мемлекетімізде білім беру мен жастарды тәрбиелеудің жалпы стратегиясы жасалған, қаржыландыру, үздіксіздік, бәсекеге қабілеттілік, қажеттілік мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Мемлекет үшін білім адами капиталды арттырудың тиімді әдісі ретінде қарастырылады. Бұл тек экономикалық пайда үшін ғана емес, әр адамның өмір сүру сапасының жақсаруын қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Жаксы, сапалы білім адамға өмірде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге, шығармашылықпен айналысуға, елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, басқа адамдармен қарым-қатынасты дұрыс құруға, өзін-өзі бағалауға, қанағаттану сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кез келген мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы адамдардың білім деңгейіне және ғылымның дамуына байланысты. Қазіргі ақпараттық технологиялар әлемінде білімге тәуелділік бірнеше есе артып отыр. Келешекте де іргелі және қолданбалы ғылымның даму деңгейі мемлекеттердің дамуы мен жетістігінің айқындаушы факторы болатындығы айқын. Міне, сондықтан да Президент ғылым мен білімнің дамуына ерекше мән беріп отыр.

КӨКЕЙДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚОЗҒАЛДЫ



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Жетісу ауданы әкімі аппаратының мәжіліс залында аудан әкімі Гүлнар Көкебаеваның төрағалығымен Президент Қ.К.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын талқылауға арналған аудан активінің жиыны өтті.

Маңызды құжатты талқылауға қалалық мәслихат депутаттары, аудандық «Nur Otan» партиясының мүшелері, аудандық құрылымдардың басшылары, бизнес өкілдері, ҰЕҰ, қоғамдық ұйым өкілдері, аудан ардагерлері, жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері, арнайы орта оқу орындарының басшылары, сондай-ақ білім және денсаулық сақтау саласының басшылары қатысты.

Аудан басшысы өз сөзінде ел Президентінің көпшілік көкейінде жүрген мәселелерді дөп қозғағанына тоқталды. Азаматтар-

дың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экономика, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, білім сапасын жақсарту, медицина, әлеуметтік көмек, зейнетақы жүйесін жетілдіру – күн тәртібіндегі өткір мәселелер.

«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді», – деді Президент. Жолдауды талқылаған аудан белсенділері тіл мәселесін де қозғады.

– Жолдауда елге инвестиция тарту мәселесі ерекше айтылды. Президент Жолдауы біздің қоғамның ең өткір және шұғыл мәселелерін шешуге бағытталған экономикалық, әлеуметтік және саяси шаралардың ойластырылған және шынайы кешені екендігі айтылды. Қазақстанның барлық азаматтарының әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты, еліміздің дамуы, ел дамуының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуі осыларды іске асыруға байланысты екендігі айтылды, – деді аудан әкімі.

Аудан белсенділері Жолдауда айтылған әлеуметтік мәселелерге жан-жақты тоқталып, оны орындау жолдарын талқылады.

ҰСТАЗДАРҒА ДА ЖҮК АРТЫЛДЫ



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Алматы қаласы бойынша ПҚБАИ ұжымы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауымен толық танысып, маңызды мәселелер төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

Кафедраның аға оқытушысы Гүлбала Кеніштайқызы Жолдаудағы «Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму», «Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру», «Сапалы білім беру», «Өңірлік саясатты жетілдіру», «Еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру», «Саяси жүйе және адам құқығын қорғау», «Ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы» атты жеті басымдыққа жеке-жеке шолу жасады. Академиялық бөлімнің бас маманы Назерке Қарабалаева «Сапалы білім беру» бағытындағы көтерілген маңызды мәселелерге тоқталды.

Мемлекет басшысының мұғалімдердің біліктілігін арттыруды 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуге назар аударғаны институт қызметі үшін маңызды шара болмақ деп

отыр мамандар. Бұл мәселені осыған дейін де республиканың бас ұстазы Асхат Аймағамбетов те қозғаған болатын. «Өрлеу» БАҰО тарапынан өткізіліп жатқан курстық іс-шараларда мұғалімдердің пәндік білімін көбейтуге, пән мазмұнын дұрыс түсінуіне, білім алушылардың оқу әрекетін дұрыс жоспарлауға, бағалауға, сабақ беру, оқушыларды оқуда қолдау сияқты шеберліктерін шыңдауға басымдық беріліп келеді. Кафедрадағы тренерлер осы бағытта курстарды сапалы ұйымдастырып, жүйелі түрде өткізіп жүр.

Курстық іс-шараларға мұғалімдер тарапынан да жауапкершілік артқанын айта керу керек. «Ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы» басымдығында көтерілген мемлекеттік тіл туралы мәселе тақырыбында «Курстан кейінгі қолдау және әдістемелік сүйемелдеу зертханасының» менгерушісі Перуза Асылбек өз пікірін мемлекеттік саясатпен, қоғамдық жағдаймен байланыстыра отырып, тілдің иесі – халқымыздың өзін жаппай мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге жұмылдырудың аса маңызды екендігін атап өтті.

Сөз кезегінде оқу және мониторинг бөлімінің бас маманы Гүлмира Темірханова «Су тапшылығы» тақырыбы бойынша әріптестерді су көздерін үнеммен пайдалануға, ғаламшардағы адамзатқа берілген мүмкіндіктерді бағалауға шақырды.

ТЕГІН КӨМЕКТИҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ӘЛЕУЕТІ ЗОР

**2021 жылы қаладағы әлеуметтік осал топтағы азаматтарды
қолдауға 30 млрд. теңге бөлінді**



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

Алматы қалалық Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева жыл басынан бері 132 мың алматылық әлеуметтік қолдау алғанын, ол көмек «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында көрсетіліп жатқанын, аз қамтылған азаматтарға, мүгедектерге қолдау көрсетілетінін жеткізді. Сонымен қатар, әлеуметтік жобалар іске асырылуда және еңбек қатынастары саласында мемлекеттік бақылау жүргізілуде.

2021 жылы қаладағы әлеуметтік осал топтағы азаматтарды қолдауға 30 млрд. теңге бөлінді, оның 14 млрд. теңгесі жұмсалды.

Басқарма басшысының сөзінше, «Еңбек» бағдарламасы аясында жыл соңына дейін 13,8 млрд. бөлінді. Бұл қаражат 24 мыңнан астам адамға көмектеседі.

«Ағымдағы жылдың 7 айында Жұмыспен қамту орталығына 27 мың адам жүгінген. 19 700 адам жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша белсенді шараларға тартылды, 17 900 адам жұмысқа орналастырылды», – деді басқарма басшысы.



Тұрақты жұмыспен қамтылғандардың ішінде мегаполистің 8700 тұрғыны бар, тағы 9200 адам уақытша жұмыспен қамтылды, 1100 адам қазір әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейді, 1500 үміткер жастар практикасына жіберілді.

Білім беру ұйымдарының тағы 800 тү-

легін жұмысқа орналастыру жоспарлануда. 6600 адам қоғамдық жұмыстарға жіберілді. Назира Тоғызбаеваның айтуынша, жас түлектердің бәсекеге қабілеттілік деңгейі төмен. Сондықтан қалада жастарға қажетті жұмыс дағдыларын алуға және жұмысқа бейімделуге көмектесуге бағытталған «Бірінші жұмыс» жобасы іске қо-

сылды. Жоба аясында 116 адам жұмыспен қамтылған.

Басқарма басшысының айтуынша, биыл 757 алматылық 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде грантка ие болып, өз бизнесін жүзеге асыруға 583 мың теңгеден алған. Кәсіпкер болғысы келетіндер, негізінен, тігін, аспаздық, маникюр, шаштараз және басқа да қызметтер бойынша жеке істерін аша алады.

Сонымен қатар, Алматыда көпбалалы аналар атаулы әлеуметтік көмекті онлайн түрде де алатын болды. Атаулы әлеуметтік көмек алу үшін әр ауданда өзін-өзі қамту аймақтары да қарастырылған. Егер өтініш беруші өзі өтінішті онлайн бере алмаған жағдайда, сол аймақтарға барып көмекке жүгіне алады.

«Электрондық Үкіметке үйде отырып өтініш беруге болады. Өтініш 15 жұмыс күннің ішінде қарастырылады. Егер құжаттары толық болмаған жағдайда олармен телефон арқылы хабарласып, құжаттарын аламыз. Одан кейін біз жеке куәлікпен қабылдаймыз, мемлекеттік органдарға сұрау жібереміз. Сұрау толық келмеген жағдайда қосымша құжаттар сұраймыз», – деді қалалық Жұмыспен қамту орталығы әлеуметтік қолдау бөлімінің басшысы Гүлзира Қазыбаева.

Ақшалай атаулы әлеуметтік көмек шартты және шартсыз негізде көрсетіледі. Шартты негізде жанұясында жұмысқа жарамды адамдар болса, олармен келісім-шарт жасалады. Одан бөлек, жұмыссыз жүрген азаматтар «Еңбек.кз» порталы арқылы тіркеліп, жұмысқа орналаса алады.



ҰЛТТЫҚ ӨНЕГЕ, ҚАЗАҚЫ БОЛМЫС МАҢЫЗДЫ

Білім ошақтарына ұлттық тәрбие керек



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Бүгінде еліміздегі орта оқу орындарында америкалық әдіс, еуропалық әдіс деген секілді бағдарламалар жаппай енгізіліп кетті. Оның үстіне, ЖОО-лардың барлығы Болон жүйесіне көшті.

Осының бізге пайдасы бар ма, жалпы, еуропалық үлгіні мектеп бағдарламасына енгізгеніміз қаншалықты дұрыс?

Халықтық педагогикаға негізделмеген

Бүгінгі ұрпақ тым қатыгез болып көрінеді. Үлкеннің алдын кесіп өтпеу, үлкенге қарсы сөйлемей олар үшін ескіліктің қалдығы секілді. Өйткені, қарапайым осы қағидаларды балаларға айтып, тәрбие сағатын өткізсеңіз де, олар тыңдауға құлықсыз. Асығыс-үсігіс. Сөзінді тыңдамайды, тыңдағысы да келмейді. Мұның сыры неде? Біз мұны арнайы зерттеп, түйінін тарқатып көрдік пе? Айналып келгенде, осының барлығы біздің халықтық педагогикадан ажырап, мектептегі бағдарламаларымызды еуропалық жүйеге сәйкестендіріп жатқандығымыздан емес пе?

Негізі, түрлі әдістемелерді аннан-мұннан көшіріп алып, мектеп бағдарламасына енгізе беру дұрыс емес секілді. Халықтық педагогиканы біз қазақ мектептеріне міндетті түрде енгізуіміз керек. Қазір бізде кеңес кезіне қарағанда қазақ мектебі де, балабақшасы да көп. Алайда, оның барлығы ұлттық жүйемен негізделмеген. Біз әлі күнге дейін шет елдің әдіс-тәсілдерін қолданып келеміз. Қазақтың өлең-жыры, мақал-мәтелі тұнып тұрған тәрбие емес пе? Неге оны бір жүйеге келтіріп, мектеп бағдарламасына енгізбеске? Қазір ғалымдардың жазғандарын түсіну қиын. Мектеп бағдарламасын ғылыми тілмен шыыршықтаудың керегі бар ма? Кәдімгі, көпшілік түсінетіндей, қарапайым тілмен жеткізу қажет тәрізді.

• Қазақтың өлең-жыры, мақал-мәтелі тұнып тұрған тәрбие! Неге оларды бір жүйеге келтіріп, мектеп бағдарламасына енгізбеске?

• Халықтық педагогиканы мектептерге пән ретінде енгізуге тиіспіз.

• Еліміздің білім беру жүйесінде халықтық тәлім-тәрбиемен ұштасқан тәжірибе жоқ. Барлық пәндерде халықтық тәрбиенің үні естіліп тұрғаны жөн.

• Білім ошақтарында ұлттық дәстүрді насихаттайтын, ұлттық тіл, діл деген секілді асыл қасиеттерімізді жастардың бойына сіңіретін арнайы пән енгізу қажет.

• Батыстық «індетке» ұлттық өнегемізбен, қазақы болмысымызбен қарсы тұруымыз керек.

• Интернетке қазақтың ұлттық құндылықтарын таратып, қазақы дәстүрді дәріптейтіндей жақсы дүниелерді енгізген абзал.

Барлық пәндерде ұлттық тәрбиенің үні естілуге тиіс

Қалай десек те, халықтық педагогиканы мектептерге пән ретінде енгізуге тиіспіз. Себебі, халық педагогикасы – қазақ халқының сан ғасырдан бергі ата-бадан ұрпаққа өлмес мирас, өмірлік мұра болып келе жатқан тәлім-тәрбие жөніндегі тәжірибесі. Яғни ата буын өкілдерінің тәрбие тұрғысындағы жинақталған бай тәжірибелеріне сүйене отырып, өскелең ұрпақты адал еңбекке, ұлтжандылыққа, өнер-білімге баулу, салауатты өмірге бейімдеу, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. Мұны ұстаздық тәжірибеде тиімді пайдалана алсақ, игі мақсаттарға қол жеткізе алатынымыз сөзсіз.

Қазір білім саласына керекті-керексіз түрлі тәсілдерді қолданып, осының салдарынан негізгі пәннің сағаттары кеміп, оқушылардың білім сапасын төмендетіп алдық. Еліміздің білім беру жүйесінде халықтық тәлім-тәрбиемен ұштасқан тәжірибе жоқ. Халықтық педагогиканы жеке пән ретінде емес, тарих, әдебиет, математика, физика болсын – барлық пәндерде халықтық тәрбиенің үні естіліп тұруы керек. Демек, бір-бірімен байланысып, біте қайнасқан жағдайда ғана білім сапасы артатын болады.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Айдар ӨТЕШОВ,
қала тұрғыны:

Телеарналар баланы адалдыққа баулуы керек

Шыны керек, қазіргі жасөспірімдер арасында арақ ішу, темекі тарту, СПИД, нашақорлық, он екіден бір гүлі ашылмаған қыздардың бала көтеруі секілді жағымсыз, бейәдептер көбейіп кетті. Ал оларды қадағалайтын әке-шеше жан бағыстың жарапазанымен тіршіліктің күйін күйттеп жүр. Бала тәрбиелеуге уақыттары жоқ. Баланы үйде – теледидар, түзде сол теледидардан тәлім алған – көше бұзықтары тәрбиелеп жатыр. Бір сөзбен айтқанда, үйде – теория, көшеде – практика. Теледидарда баланы ізгілікке, адалдыққа баулиды дейтіндей бағдарламалар жоқтың қасы. Бәрі керісінше. Құлық-сұмдықтың жеті атасы, ұрлық-қарлықтың бес атасы жеткіншектерге күніге «сабақ береді». Осыған қарап, олардың балаға тән қорқыныш сезімі қайда кеткен деп таңқалмасқа шараң жоқ. Адамды қалай, қайтіп өлтіруді үйрететін «ужас» кинолар бүгінде жетіп артылады. Балалар сүйіп көреді дейтін мультфильмді де зұлымдық жаулап алған. Айтпақшы, Украина үкіметі шетелдік мультфильмге ел аумағында көрсетуге тыйым салып отыр. Олардың пікірінше, балалардың жүйкесінің сыр беруі осы мультфильмде жатқан көрінеді. Енді балалардың болашағына қатысты кез келген дүниені талдап, сұрыптап ұсынбақшы. Телеарна басшылары да осыған ерекше назар аударса екен.

Ұлдана БАЙЖАНОВА,
қазақ тілі пәні мұғалімі:

Ата-әжелер институтын жоғалтып алдық

Айналып келгенде, мұның бәрі де тәрбие бастауының тұнба судай тұнық болмауында жатыр. Дәлірек айтқанда, бүгінде ұрпақтар сабақтастығы үзіліп қалғандай. Одан да дәлірегі ата-әжелер академиясының жойылып бара жатқандығы деуге негіз бар. Өйткені, оның себебі көп. Ата-бабаларымыз ежелден-ақ бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген ғой. Атасының үлгі-өнегесін, әжесінің мейірімін, жан жылуын сезініп өскен баладан қазақ жамандық күтпеген. Соғыстың соңғы жылдары дүниеге келгендердің дені мейірімді, қолындағысын көппен бөліскісі келіп тұратын кішіпейіл болып келетіндігін көз көрді. Бұл сол уақыттың ағымына да байланысты болған шығар. Ал қазір олай емес. Мұның барлығының түп төркіні ұрпақ тәрбиесін уыстан шығармаған ата-әжелер академиясының жоғалып бара жатқандығынан деп ойлаймын. Сондықтан ұлттың ұлы болып қалуын діттейтін ата-әжелеріміз әлі де ұрпақ тәрбиесін уыстан шығармай, баса мән берсе екен деймін.

Дәстүрді дәріптеуден ұтарымыз көп

Қазір елімізде қазақша мектептер көбейгенімен, олардың ұлттық жүйемен негізделмегені алаңдатады. Сондықтан бұл жерде, ең бастысы, ұлттық мүддеге басымдық беруіміз қажет. Тіпті, білім ошақтарында ұлттық дәстүрді насихаттайтын, ұлттық тіл, діл деген секілді асыл қасиеттерімізді жастардың бойына сіңіретін арнайы пән енгізсек те, артықтық етпейді. Әрбір аурудың өзінің емі болатыны секілді, осындай батыстық «індетке» ұлттық өнегемізбен, қазақы болмысымызбен қарсы тұруымыз керек.

Енді халықтық педагогиканы мектептерге қалай енгізу керек дегенге келетін болсақ, ол үшін бұған Үкімет тарапынан қолдау керек. Сондай-ақ, мұны мектептерге пән ретінде енгізгеннен кейін оның әрбір сағатына қаржы бөлінсе екен. Одан кейін арнайы ұлттық бағдарлама жасап, оған ғалымдарды емес, бұрын мектептерде ұзақ жыл жұмыс істеген, тәжі-

рибесі мол педагогтерді тартсақ жөн болар еді. Негізгі ұлттық бағдарламаның әдістемелерін солар жасағаны дұрыс. Онымен қоса, елімізде мықты-мықты небір этнографтар бар, көзі ашық, көкірегі ояу асақал қарттарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз бар, осылардан үйренеріміз көп. Бұл жерде басқа жактан көшірме алудың керегі жоқ. Барлық өнеге қазақтың өзінде тұр.

Сондықтан қазақы дәстүрді ғылыммен байланыстыру керек. Оның үстіне, қазір жастарымыздың барлығы интернетті жақсы меңгерген. Интернетке қазақтың ұлттық құндылықтарын таратып, қазақы дәстүрді дәріптейтіндей жақсы дүниелерді кіргізсек, ол да үлкен септігін тигізеді. Сонымен қатар, ЖОО-ларда халықтық педагогика мамандарын дайындайтын арнайы кафедралар, зертханалар ашылса, құбақұп болар еді.

P.S.: Әрине, халықтық педагогика дәстүрінде білім беруді қазақ мектептерінің оқу бағдарламасына енгізе салу – бір күнде шешіле салатын шаруа емес. Бұған кезең-кезеңмен көше отырып, мәселенің түйінін шешудің бірнеше жолын қарастыру керек. Бұл жерде үштілділікке ешкім қарсылық білдірмейді. Әрине, ағылшын тілін білу – үлкен сұраныс. Оны біз әлемдік технологиямен, әлемдік инновациямен жұмыс істей алмаймыз. Десек те, бұл ретте қазақы дәстүрді де, ұлттық педагогиканы да ұмытпағанымыз жөн болар.



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Медеу ауданына жұмыс сапары кезінде жолдарды жөндеу мен қоғамдық орындарды абаттандыру қарқынын инспекциялады.



Әсел
ДАҒЖАН

Шаһар басшысы Медеу ауданындағы аумақтарды абаттандыру және жол жөндеу жұмыстарының барысын тексерді.

ЕКІ ЫҚШАМАУДАНДА ИНЖЕНЕРЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТОЛЫҚ ДЕРЛІК ШЕШІЛДІ

«Мұзтау» ықшамауданында электр желілері жаңартылып, олар 6 кВ-дан 10 кВ-қа ауыстырылды. 17 шақырым су құбыры мен кәріз желісі тартылып, оған 274 үй қосылады. Бейсеуов көшесін жөндеу мен асфальттау жұмыстары аяқталуға жақын. Керей, Жәнібек хандар даңғылынан Іле Алатауы ұлттық табиғи паркінің эко-постына дейінгі жолдың ұзындығы 4,6 шақырымды құрайды.

МАГИСТРАЛЬДЫ ЖЕЛІ САЛУ БОЙЫНША ЖОБА ӘЗІРЛЕНУДЕ

Сонымен қатар, қала әкімі 14,6 шақырымға жуық сумен жабдықтау және кәріз желілерінің құрылысы аяқталғаннан кейін жолдар қалпына келтіріліп жатқан «Көлсай» ықшамауданында болды. Электр желілері қуатты желілерге дейін жаңартылып, ол электрмен жабдықтау сенімділігін арттырды. 3,7 шақырым жолды қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. «Балқаш» су қабылдағышынан «Көлсай» ықшамауданына дейінгі магистральды желі салу бойынша жоба әзірленуде. 310 үй орналасқан 6 көшеге сыртқы жарықтандыру жүргізілді.

ЖАҢА ТЕРЕНҚҰР АЛЫСТАН КӨЗ ТАРТАДЫ

Есентай өзенінің бойында су бөлгіштен бастап Жамақбаев көшесіне дейін денсаулыққа арналған жаяу жүргінші жолын құру жүріп жатыр. Оның ұзындығы 4,2 шақырым. Жаңа Тереңқұр қазірдің өзінде тартымды орынға айналған. Сыртқы жарықтандыру тіректері және шағын сәулеттік пішіндер, соның ішінде кокос жәшіктері, орындықтар орнатылады. Мұнда балалар ойын және спорт алаңдары, жаяу жүргіншілер көпірлері мен қарау алаңдары болады.

МЕДЕУ МЕН КӨКТӨБЕГЕ ДЕЙІН – ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР АЙМАҒЫ

Сондай-ақ, ұзындығы 6 шақырым болатын су бөлгіштен Медеуге дейін жаяу жүргіншілер аймағының құрылысын жалғастыру жобасы әзірленуде.

Омарова көшесінде Достық даңғылынан Көктөбеге дейін жаяу жүргіншілер аймағында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, бұл жерде жолды орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Қала әкімі жол жөндеу және абаттандыру бойынша жұмыстардың сапасы мен мерзімін бақылауды тапсырды.





ТАҒЫМ

ҒАСЫРМЕН ҚҰРДАС АРДАҒЕР

Қайырлы Жоңқабаевқа Алматыда құрмет көрсетілді



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

«Мемлекет басшысының атынан аты аңызға айналған Панфилов дивизиясында соғысқан Қайырлы Жоңқабаевты жүз жылдық мерейтойымен құттықтадым. Ардагерге «Еңбегі үшін» төсбелгісі табыс етілді. Ақсақалға зор денсаулық пен амандық тілейміз!», – деп жазды әкім.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі оркестр жеңіс сарбазын ерекше сән салтанатпен күтіп алды. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшысының орынбасары, полковник Ниязтай Әлкешевтің басшылығымен Ұлттық ұланның әскери қызметшілері де ардагерді мерейтойымен құттықтады. Сондай-ақ, құттықтау-

ға Ұлттық ұлан ардагерлері және генерал Панфиловтың жиен немересі Алуа Байқадамова да қосылды. Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінің оркестрі (дирижері, аға лейтенант Никита Беляков) соғыс жылдарындағы әндерді орындады.

Қайырлы Уатайұлы 1921 жылы 10 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 1940 жылы ШҚО Құлжа орта мектебінде мұғалім болып бастаған. 1941 жылы қазан айында Панфилов дивизиясының 23-ші гвардиялық полкіне Қызыл әскер жауынгері болып алынды. Ардагер соғысқа басынан аяғына дейін қатысқан. 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы құрамында пулеметші болған, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллинмен бір ротада болған, Белоруссия, Польша, Эстонияны азат етуге қатысқан. 1943 жылы ақпанда

Ржевтегі қанды майданда ауыр жараланған, жеңісті Дрезденде қарсы алды.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» және II дәрежелі «Отан соғысының» орденімен, «Ерлігі үшін», «Мәскеуді қорғағаны үшін» медальдарымен және басқа да көптеген медальдармен марапатталған.

«Ата-анам маған жақсы тәрбие берді. Жастайымнан спортпен айналыстым, жаман әдеттерім болмады. Отау құрып, 5 бала тәрбиеледім. Балаларымның бәрі жоғары білім алды. Бүгінде балалардың, немерешөберелердің арасында бақытты ғұмыр кешіп жатырмын. Кешеден бері Ұлттық ұланның әскери қызметшілері, Алматы қаласының әкімдігі келіп құттықтап жатыр. Барлығыңызға алғыс айтамын!», – деді соғыс ардагері Қайырлы Жоңқабаев.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

СПОРТ АЛАҢДАРЫ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Биыл 61 мектептің жанындағы спорт нысанын жаңғырту жұмыстары аяқталуы тиіс. Онда 73 футбол, 63 волейбол мен баскетбол алаңы, воркаут-аймақтар мен жүгіру жолдары бар

Жастарымызды денешынықтыру мен бұқаралық спортпен айналысуға тарту үшін қалалық спорт инфрақұрылымдарынан басқа мектеп жанындағы спорт алаңдарының да әлеуетін баса дамытуымыз керек.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Алматы қаласының әкімі.

Алматыда Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмасына орай тиісті шаралар қолға алынып, ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр.

Мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмасының орындалуы туралы айтты. Қалада мектептер жанындағы 70-тен астам футбол алаңдары модернизацияланады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жас ұрпақтың дамып, тұлға болып қалыптасуы үшін ең алдымен спорттың алар орны ерекше. Күнделікті спортпен айналысып, оны тұрақты ережеге айналдыру – денсаулық кепілі екені даусыз. Осы ретте Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев білім мекемелері жанындағы спорт алаңдарын басты назарға алып, жаңғырту жұмыстарына басымдық беріп отыр.

– Жастарымызды денешынықтыру мен бұқаралық спортпен айналысуға тарту үшін қалалық спорт инфрақұрылымдарынан басқа мектеп жанындағы спорт алаңдарының да әлеуетін баса дамытуымыз керек. Өткен 2020-2021 оқу жылында МЖӘ бойынша 4 мектеп жанындағы спорт алаңына күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, қайта жаңғырса, биылғы жылдың соңына дейін 61 мектептің жанындағы спорт нысанын жаңғырту жұмыстары аяқталуы тиіс. Онда 73 футбол, 63 волейбол мен баскетбол алаңы, воркаут-аймақтар мен жүгіру жолдары бар, – деп Instagram-дағы парақшасына жазған қала әкімі Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту туралы тапсырмасын іске асыру жалғаса беретінін, балалардың денешынықтыру мен бұқаралық спортқа белсенді түрде қатысатынын айтты.



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

- Алматыда 2019 жылы МЖӘ бойынша №40 және №95 мектепте 2 жоба іске асырылып, жабық спорт алаңдарының құрылысы жүргізілген еді.
- Бұл жұмыс 2020 жылы да МЖӘ шеңберінде жалғасын тапты. Қаладағы 8 мектептің жанындағы спорт алаңын жаңғырту жұмысы басталып, дәл қазір оның 2-еуі аяқталды. Қалған 6 мектепте жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарын биыл желтоқсан айында аяқтау жоспарланып отыр.
- Биыл жергілікті бюджет қаражаты есебінен 33 спорт алаңына жаңғырту жұмыстары жүргізілсе, оның шеңберінде футбол алаңдарын, волейбол және баскетбол алаңдарын, воркаут және жүгіру жолдарын салу көзделуде.
- Дәл қазір қалалық Жайлы орта басқармасының қолдауымен мектептерге жапсарлас 17 ғимараттың құрылысы жалғасуда. Жоба аясында жаңа спорт алаңдарын салу көзделген. Сәтін салса, бұл жұмыстар осы жылдың қараша айында аяқталуы керек.
- Сонымен қатар, қазіргі уақытта қалалық Жайлы орта басқармасы №7, 40, 45, 54, 81 мектептерге сейсмикалық күшейту және 5 футбол алаңына жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарлады.
- Бұдан бұрын хабарланғанындай, Алматыда жаңа оқу жылында мектептерге 301 171 оқушы барды. Мемлекеттік мектептерде 280 458 бала мен жасөспірім оқуда, ал жеке меншік мектептердегі оқушы саны – 20 713. Мемлекеттік мектептерде бірінші сынып оқушыларының саны 3 мыңға жуық өсті. 1-сыныптарда 30 751 оқушы білім алуда.



COVID-19: БРИФИНГ

Жандарбек БЕКШИН,
қаланың мемлекеттік бас санитарлық дәрігері:

Екпе алғандар ауруханаға 20 есе аз түседі

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыда эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтанғанымен, әлі де «қызыл аймақта» тұрмыз. Босансуға негіз жоқ. Сондықтан қаланың мемлекеттік бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте тұрғындарды санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтауға шақырды.

Иә, жедел әрі жүйелі түрде қабылданып жатқан іс-шаралардың нәтижесінде қала тұрғындары арасында індет жұқтыру деңгейі төмендеді. Мәселен, 25 тамызда 1605 адам ауру жұқтырған болса, 8 қыркүйекте 976 жағдай тіркелген. «Бұл төмендеу көрсеткіші алматылықтардың жаппай екпе алуымен байланысты. Тұрғындардың 46%-ында иммундық қабат қалыптасқан. Қазіргі уақытта күніне 3 мыңға жуық адам корона-вирусқа қарсы вакцина салдырады. Бірақ бұл бір ай бұрынғы күніне 10–12 мыңға жуық вакцина алған адамнан әлдеқайда аз көрсеткіш», – деді мегаполистің бас санитарлық дәрігері. Сондықтан қала тұрғындарының алдында екпе алған тұрғындар санын мүмкіндігінше тезірек 75%-ға және одан да көпке жеткізу міндеті тұр.

Ж.Бекшин тұрғындарды вакциналардың тиімділігіне күмәнданбауды сұрады. Оның пікірінше, егде жастағы адамдардың да екпе алуы өте маңызды. Сонымен қатар, мегаполи-

стің бас санитарлық дәрігері жастарды тәртіпке шақырды. Өйткені, бүгінгі күні жастар коронавирустың гипер таратушылары болып отыр.

«Біз вакциналардың 100% қорғамай-тынын білеміз. Алайда, олардың «дельта» штамына қарсы тұрарлық қауқары 80%-дан жоғары. Сондай-ақ, вакцина алған алматылықтардың ауруханаға 20 есе аз түсетінін атап өткім келеді», – деді Ж.Бекшин.

Спикер 20–39 жас аралығындағы адамдардың коронавирус инфекциясын тез жұқтыратынын айтты. Халықтың бұл санатының вакцина алу белсенділігі де төмен және карантиндік режимді жиі бұзады. Бетперде тақпайды, жиын-той өткізеді.

«Азаматтар бұл індеттің қаншалықты қауіпті екенін түсінулері тиіс. Әсіресе, 60 жастан асқан адамдар қауіпті топта. Жасына қарай көптеген адамда созылмалы аурулар дерт жұққан кезде өрши түседі. Сондықтан ремиссия кезеңінде вакцина алу қажет. Тек екпе ғана коронавирусты ауыздықтай алатынын түсінуіміз керек», – деді Ж.Бекшин.

Бас санитарлық дәрігердің айтуынша, COVID-19 вирусының «дельта» штамы тез жұғады әрі патогенділігі әлі де өте жоғары. Соның салдарынан «симптомды» науқастардың деңгейі 95%-ға жеткен. Ал «ухандық» – 50%, «британдық» штамм көрсеткіші – 81%.

Ж.Бекшин халықты вакцина алуға және қоғамдық орындар мен көліктерде бетперде режимін сақтауға, той-думан, ойын-сауықтардан да тартына тұруға шақырды.



Нариман ТАБЫНБАЕВ,
қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы:

5 стационар негізгі жұмысына бет бұрды

Алматыдағы эпидемиологиялық жағдайдың тұрақталуына байланысты қалалық 5 стационар өзінің негізгі профилі бойынша жұмысын жалғастырады. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтты.

«Қазір жағдай біртіндеп түзеле бастады. Сондықтан «Қалалық ревматологиялық орталық», «НАК Medical» клиникалық стационары, «Б.Жарбосынов атындағы ғылыми урология орталығы», «Astana International» қонақүйі күнделікті жұмысына кірісті», – дейді спикер.

Оның айтуынша, кешеден бері «Халық арена» спорт кешеніндегі стационарларға науқастарды қабылдау тоқтатылды. Бұл нысан жаңа жылға дейін резервте болады. Егер вирус жұқтырғандар саны күрт өсіп кететін болса, қайта ашылады. Сонымен қатар, осы аптада Кардиологиялық орталық пен Жедел жәрдем ауруханасында ашылған провизорлық орталық жабылады.

«Осыдан он күн бұрын біз күніне 700-ден астам науқасты қалалық ауруханаларға жатқызсақ, қазір бұл сан 378 адамға дейін төмендеді. 454 пациент ауруханадан шығарылды. Үйде бақыланатын науқастар саны да қысқарды – 14 200-ден 7446-ға дейін. Қазіргі кезде 3669 науқас қалалық ауруханаларда ем алады, төсек-орындардың толымдылық деңгейі – 43,1%», – деді Н.Табынбаев.

Алматыдағы эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруы коронавирустың «төртінші толқыны» аяқталды дегенді білдірмейді деп санайды Н.Табынбаев. Сондықтан ол алматылықтарды белсенді түрде вакцина алуға шақырды. «Бүгінде вакцинаның бірінші компонентін 899 784 адам, екінші компонентін 779 870 адам алды», – дейді ол. Бірақ бұл көрсеткіш көңіл көншітпейді. Себебі, ұжымдық иммунитет әлі қалыптаспаған. Сондай-ақ, КВИ жұқтырғандардың азайып, стационарлардың штаттық жұмыс режиміне оралуы – ковидті ауыздықтадық деген сөз емес. «Егер біз індетке қарсы іс-шараларды қатаң сақтамасақ, жағдай қиындайды. Әсіресе, қазір оқушылар мен студенттер офлайн оқуға көшкен кезде. Сондықтан талап-ережелерге құлақ асайық», – деді Н.Табынбаев.

#ЕКПЕАЛ!

«Мен екпе алдым!»



Күләйхан
САДЫҚОВА,
қала
тұрғыны:

– Өздігімнен тандау жасап, вакцина аламын деген шешімге келдім. Денсаулық керек, күтіну керек. Айналамызға да біздің қауіпсіз болғанымыз қажет. Әрбір іске сын айтпас бұрын бірінші өзіңді түзеу керек қой. Отбасы мүшелерінің арасында ең бірінші мен бастап тұрмын. Мамандардан кеңес алдым, бәрін түсіндірді. Жаңа екпе салған мамандар да вакцинадан кейін үш күн жуынбау керек деген сияқты ережелерін айтып жатыр.

Самал ДОШАНОВА,
мұғалім:



– Бүгінде коронавирус індетіне қарсы вакцина салдырып, ұжымдық иммунитет қалыптастыру – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселенің бірі. Себебі, еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал тым күрделеніп барады. Өткен жылғы коронавирус індетінің алғашқы толқыны көпшілігімізді есенгіретіп тастады. Жақындарынан айырылған отбасылар қара жамылды. Сақтыққа салғырт қарағанымыздың соңы өкінішке ұласты. Биылғы жылы осы жағдайдың қайталанбауын алдын алу аса қажет. Мамандар коронавирус індетін жеңудің жалғыз жолы – вакцина салдыру екенін айтып отыр. Яғни екпе салдыру арқылы ұжымдық иммунитетті қалыптастырып, қоғамға қауіпсіз болуға мүмкіндік бар.

Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Кәрі-жасқа қорған болайық

Алматы қаласының Орталық қалалық клиникалық ауруханасы 1 шілдеден бастап ковидтік стационар болып қайта жасақталған болатын. «Бұл – бірінші эшелондағы медициналық мекеме», – деді Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте аталған аурухана директорының орынбасары Эльвира Ибрагимова.

Екі ай ішінде ауруханада 3 мыңнан аса адам корона-вирус инфекциясынан емделіп шыққан. 1000-нан астам медицина қызметкері еңбек етеді.

«Біз көпсалалы емхана ретінде корона-вируспен ауыратын науқастарға шұғыл ота жасаймыз. Мысалы, пациент реанимацияда болса, әдетте ӨЖЖ-аппараттары қолданылады. Егер бұл науқастар қалыпты палаталардағы орташа ауыр науқастар болса, біз рентген, УЗИ құрылғысын қолданамыз», – деді дәрігер.

Э.Ибрагимова КВИ науқастарын емдеу шамамен 10–14 күнге созылатынын

атап өтті. Ол шілдеден бастап Алматыда корона-вирустың «дельта» штамын жұқтырғандардың көп болғанын айтты. Вирустың мутациясына байланысты кейде ауру ұзаққа созылуы да мүмкін.

Ковидті стационарда корона-вирус дертіне шалдыққан науқастарға 50-ден аса ота жасалған. «Олардың барлығында корона-вирустан басқа созылмалы аурулары болғанын атап өткім келеді. Мысалы, гинекологиялық, хирургиялық отамен емделетін және қан тамырлары дертіне шалдыққан науқастар болды. Асқазанды резекциялау бойынша бірегей ота жа-

салды. Әдетте барлық науқас 15–20 күн ем алады», – деді Э.Ибрагимова.

Қазір Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасында 500-ге жуық науқас жатыр, дерт жұқтырғандардың жасы әртүрлі. «Ауру жас таңдамайды. Алайда, көбісі 60 жастан асқан науқастар. Егде жастағы адамдарда созылмалы аурулардың болатыны белгілі. КВИ бұрынғы дертті асқындырады және аурудың жағдайын қиындайтады. Науқастардың арасында 35–40 жастағылар да бар», – деді дәрігер.

Қаладағы эпидемиологиялық тұрақталғанына қарамастан, спикер қала тұрғындарын босансымауға, әсіресе балаларға қорған болуға шақырды. Дәрігер шілдеде дертке шалдыққан балалар мен жасөспірімдердің көп тіркелгенін атап өтті.

КВИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

Жеуге болатын вакцина

Өзбекстандық ғалымдар жейтін вакцина ойлап тауыпты. Қарапайым сөзбен түсіндірсек, мәселен, адам қызанақ жеп, корона-вирускқа қарсы екпе ала алады. Бірақ бұл екпе қолданысқа енгізілген жоқ, әзірге клиникаға дейінгі сынақтан өтіп жатыр.

Қазір өзбекстандық ғалымдар макта, темекі және қызанақ өсіруде. Бұлардың барлығы – ГМО өнімдер. Өйткені, әр

өсімдіктің жасушасына COVID-19-дың гені енгізілген. Сондықтан өсімдіктер трансформацияланып өседі дейді мамандар. Арасында жақсы нәтиже көрсеткен қызанақ болған.

Қазір Канада және Ресей мамандары да корона-вирус инфекциясына дауа бола алатын жеуге жарамды вакцина жасауда. Әзірге ешбір елдің ойлап тапқаны қолданысқа енген жоқ.

Мобильді автобус іске қосылды

Таиланд астанасы Бангкокта мобильді автобус іске қосылды. Яғни қоғамдық көлік ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға, созылмалы аурулары бар тұрғындар мен қарттарға корона-вирускқа қарсы вакцина салынады. Себебі, бұл топтағы жандар белгілі себептермен вакциналау орталықтарына жете алмай жатады. Автобус

көше-көшені аралап, ондағы дәрігер-мамандар күніне 1 мың адамға дейін қызмет көрсете алады екен.

Таиландта халықты жаппай вакциналау науқаны кештеу басталған. Сондықтан бұл елде иммундау көрсеткіші әзірге төмен. Әзірге бір ғана автобус жұмыс істеп тұр.

Тырнақ та зақымданады

Ковид жұқтырған адамды тырнағына қарап та білуге болады. Мұндай пайымды Ұлыбритания мамандары жасады. Ауырып жазылған адамның тырнағында көлденең сызықтар болуы мүмкін екен. Ондай сызықтар көзге бірден түседі деседі. Кейбірі шұқырлау боп келеді екен. Оның орнына жарты ай іспеттес қызық дақ пайда болуы да мүмкін. Тырнақтың түбі түсіп қалса да – корона-вирустың зардабы екен. Адам ковидпен ауырған кезде, тырнақтың өсуі де баяулайтын көрінеді.

Нұр ЖАМАЛ.





ЗЕРДЕ



Досалы САЛҚЫНБЕК,
Қазақстан педагогикалық
ғылымдар академиясының
академигі:



БІЗДЕ ӘЛІ АҚТАЛМАҒАН МЫҢДАҒАН АДАМ БАР

– Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, елімізде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі республикалық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент секілді республикалық маңызы бар қалалық және аймақтық деңгейдегі комиссиялар құрылып, жұмысқа кірісіп кеткенінен жалпы оқырман қауым хабардар. Өзіңіз де Алматы қаласы бойынша құрылған комиссияның мүшесісіз. Комиссия жұмысы туралы айтсаңыз?

– Мемлекет басшысының 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия құру туралы» Жарлығына сәйкес қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия жұмысының басты мақсаты – саяси қуғын-сүргін құрбандарын саяси тұрғыдан толық ақтау. Еліміздің Мемлекеттік хатшысы Қ.Көшербаев төрағалық ететін мемлекеттік комиссияның құрамына мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері, ғалымдар кіріп отыр. Ал Алматы қаласы бойынша қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров төрағалық ететін қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия құрамында 51 адам бар, жұмыс жоспары бекітіліп, 9 жұмыс тобына бөлініп жұмыс атқарылуда.

– Кеңестер Одағының бірнеше аймағында, сондай-ақ, өзіміздің Қазақ даласында да болған зұлмат аштыққа не себеп?

– Қолымызда бар, табылған архив құжаттарына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, олай деп айтуға келмейді. Кеңестік билік бұл шараға арнайы дайындық жасаған. Комиссиялар құрылып, істің кең көлемдегі жоспары бекітілген. Олар ең алдымен, тәркілеуді жүргізу арқылы ірі бай шаруашылықтарына соққы беруді жоспарлады. Солай жасады да. Бірақ ірі бай шаруашылықтар көп емес еді. Қоғамның негізгі бөлігі өзін-өзі асырап отырған орта таптан тұрғандықтан екінші кезекте соққы соларға бағытталды. Кеңестік билік астық өнімдерін экспорттау арқылы оның ақысына өнеркәсіп саласына қажетті техникалық жабдықтарды алуды көздеген болатын. Ал астық өнімдері орта шаруаларда еді. Кеңестік құрылысқа тартылуға құлықсыз болып отырған орта таптың қолындағы дүние мүлкін, малын қалай тартып алуға болады, оларға қарсы қандай саяси айып тағылуы тиіс, олардың дүние мүлкі тартып алынғаннан кейін өздерін қайда жібереміз деген мәселелер кең ауқымды түрде ойластырылып шешілген. Әрине, олардың да қол қусырып қарап отырмайтыны белгілі. Кеңестік билік оны да ескерді.

Сонымен, орта шаруаларды колхоздарға тартудың күштеу әкімшіл-әміршіл жүйесі басшылыққа алынып, ауқатты шаруаға «қулак» деген айдар тағылды да, қулақты тап ретінде жою жөнінде партияның бірінен соң бірін толықтырған қаулылары шықты. Қулақтар деп айдар тағылған орта шаруалардың барлық дүние-мүліктері, үй-жайы тәркіленді. Оларды үш категорияға бөліп, алдыңғы тобын концлагерлерге жіберсе екінші тобы жер аударылды, үшінші тобы жергілікті жерде қалдырылып, колхоздарға кіргізілді. Олар Волга, Солтүстік Кавказ, Украина, Белоруссия, Сібір, Орал, Қазақстанда арнайы дайындалған концлагерлер ашылып, жүз мың шаруалардың жанұялары қоныс аударылды. Мәселен, Қазақстанда 6 концлагер ашылып, 25 мың жанұя әкелінген (әр жанұяда 5 адамнан бар деп есептесек, жалпы санын шығаруға болады). Орта шаруаларға қарсы қуғын-сүргінге байланысты қарсылықтың алдын алу үшін ОГПУ-дың штаттық саны көбейтіліп, оларға соттан тыс қуғын-сүргін жүргізуге рұқсат берілді. Голощекин сияқты орталықтың жеңдеттеріне керегі де осы болатын. Қазақ шаруаларының барлық наразылықтары бас көтерулері бандылық істерге жатқызылып, аяусыз басып жанышталды.

– Аштықтан қырылғандардың саны жөнінде әртүрлі дерек бар. Бұл біздің халқымызға қарсы жасалған геноцидтік саясат па?

– Әлем тарихына шолу жасап қарасақ, бейбіт заманда бірде-бір елдің тарихында халқының жартысына жуығы қырылған оқиғаны кездестіре алмаймыз. Орталық комитет, Мәскеу Қазақстанда болып жатқан

оқиғадан хабарсыз болды деу – тарихи шындықтан алыс және тарихи шындықты бұрмалау. Орталық комитет Ресейдің орталық аудандарына Қазақстаннан ет дайындау, астық дайындау науқандары бойынша қаулы-қарарларын үсті-үстіне жіберіп жатты. Оны орындамаған жағдайда жазалау шаралары қолданылатынын ескертті де.

Белгілі ғалым, профессор Т.Омарбековтың зерттеу мәліметтері бойынша осы жылдары Ресейге 15 миллион тонна ет өнімдері жіберілген. Қазақстандағы билік басында отырған голощекиндік тобыр мәселенің апатты жағдайда екенін жасырып бақты. Тіпті, қазақ үкіметін басқарып отырған О.Исаев сияқтылар мәскеулік пролетариаттың алдына құлша жүгініп: «егер мүмкіндік болатын болса, біз бүгінгі таңда ұлттардан ірі кәсіп пролетариатын жасауды қоя тұрып, алдымен Иванова-Вознесенск, Мәскеу, Ленинград пролетариатын сақтауды артық көреміз» деп те отқа май құя түскен. Мәскеулік биліктің «Қазақ халқынан аштан қырыңдар» деп қарар-қаулы шығармағаны белгілі.

Түйткілді мәселені шешу үшін бірінші кезекте, «бұл геноцид пе, емес пе? Бұл саяси тұрғыдан әдейі жасалған нәрсе ме, әлде кездейсоқ оқиға ма?» деген мәселеге мемлекет тарапынан саяси бағасы берілуге тиіс. Бұл жерде кезіндегі Кеңес Одағы деп аталған қызыл империя мен бүгінгі Ресей Федерациясын шатастырмау керек. Ресей Федерациясы Кеңес Одағының мұрагеріміз деп өзін мойындаса да, бұрынғы кеңестік кезеңдегі қанқұйлы қылмыстарға олар жауапты болмауы керек деп есептеймін. Отызыншы жылдардағы халқымызға қарсы жасалған зұлматқа алдымен өзіміз саяси баға беріп, одан кейін халықаралық құқық нормалары бойынша саяси баға берілуіне де қол жеткізуіміз керек. Яғни әлемдік қауымдастық та өз саяси бағасын берсін.

Сталиндік қуғын-сүргін кезеңіндегі сандық мәліметтерді қарайтын болсақ, қырғыздарда 100 адам, тәжіктерде 3 адам және тағы басқа Орта Азиядағы көршілерімізде де онша көп емес. Қазақстанда 105 мың адам ұсталып, әртүрлі мерзімге сотталған. Оның 25 мыңы ату жазасына кесілген. Сонда да қаншама қиыншылықтарға қарамастан XX ғасырдың бас кезінде-ақ Әлихан Бөкейханов бастаған қазақтың зиялы қауымы қалыптасып үлгерген еді.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков және тағы да басқа қайраткерлер В.Ленинмен еркін пікірлесіп, өздерінің біліктіліктері мен ұлтжандылығын көрсетті. 1920 жылы Қазақ автономиясы құрылып, оның аумағын қалыптастыру барысында осы зиялылар үлкен еңбек сіңірген. Сонымен қатар, кеңестік билік жағында болған Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов, Тұрар Рысқұлов, Жалау Мыңбаев, Нығмет Нұрмаков сынды қайраткерлер де Кеңестік билік басында отырған Сталиннің алдында өз ұлтының мүддесін қорғаудан тайынбайды. Сталинге өр кеуделі, айбынды мықты саяси қайраткерлер ұнамады. Қазақты іштей ыдыратуды жоспарлаған ол Қазақстанды басқаруға үнемі өзге ұлт өкілдерін жіберіп отырды. Соның бірі Сталиннің Қазақстандағы «қолшоқпары» болған Голощекин болса, тағы бірі жаппай қуғын-сүргін жылдары Қазақстанды басқарған Мирзоян болатын. Өз билігін өзінде болмай, елің басқаның жетегінде болған соң не оңсын?!
– Бүгінгі күні осы сіздер айналысып отырған мәселе қоғамымызға қаншалықты қажет?

– Халқымызда «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген ұлағатты сөз бар. Осы ұлағатты сөз бүгінгі біздің ұрпаққа қарай айтылып отыр. Бізде мыңдаған адамдар әлі ақталмаған. Жазықсыз қараланып сотталған, атылған. «Халық жауы» деген қара таңба соғылған. Олардың істерін қарап, ақ-қарасын анықтап, ақтауымыз, жарыққа шығаруымыз қажет. Тәуелсіз ел болып, осындай шараларды атқаруға мүмкіндігіміз болып отырғанда, оны неге істемеске?! Бұл біздің жазықсыз жазаланған мыңдаған ата-бабаларымызға деген тағзымымыз және құрметіміз болсын! Халқымызға орны толмас қайғы-қасірет әкелген тоталитарлық режимнің бетпердесін сыпырып көрсетуіміз керек.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ӘЛЕУМЕТ

ТІКЕЛЕЙ ЭФИР



Алматы қалалық Жұмыспен қамту орталығы мамандары биылғы 17 қыркүйекте Instagram әлеуметтік желісінде мүмкіндігі шектеулі адамдар мен жұмыс

берушілерге арналған тікелей эфир өткізеді.

«Алматыда мүгедек жандардың мәселелері қалай шешіледі (квоталар, арнайы жұмыс орындары), жұмысқа қалай орналасуға болады, жұмыс іздеушілердің де, жұмыс берушілердің де сұрақтарына жауаптар» тақырыбында ұйымдастырылатын тікелей эфирге орталықтың жұмыс берушілерді қолдау бөлімінің маманы Нұрлықыз Айнақұлова қатысады.

Сұрақтарды Жұмыспен қамту орталығының Instagram (@czn_almaty) ресми парақшасындағы посттарға түсініктемелерде алдын ала қалдыруға болады.

Тікелей эфирдің басталуы: 17 қыркүйек, сағат 14.30.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

БАҒЫТ УАҚЫТША ӨЗГЕРЕДІ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жол жөндеу жұмыстарына байланысты №27 және 118 бағытындағы автобустардың бағыты өзгереді.

Алматы қаласының көлік холдингі хабарлағандай, «Әділет авто» ЖШС-нің №27 және «Алматы ЭлектроТранс» ЖШС-нің

№118 автобустары қозғалыс сызбасын уақытша өзгертті. Енді олар Алатау көшесімен жүріп бара жатқанда Сәбденов көшесіне бұрылмай, бірден Райымбек даңғылына дейін барады. №27 автобус қолданыстағы сызба бойынша жүреді. №118 автобус Райымбек даңғылынан Жуалы көшесіне бұрылады, содан кейін Жақыбаев көшесіне шығады, әрі қарай сызба бойынша жүреді. Кері бағыттағы қозғалыс өзгеріссіз қалады.



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

Д.А.Қонаев атындағы

Еуразиялық заң академиясына:

- сантехник-маман;
- инженер-сантехник;
- күзетші;
- тазалықшылар;
- кастелянша керек.

Тел.: 350-78-88.

Құрманғазы көшесі, 107-үй.

«Novotel» қонақүйіне:

- ыстық және суық цех аспаздары;
- даяшылар;
- стюарт (жігіт – асүй қызметкері) керек.

Тел.: 8 747 315 47 51.

«Жедел күзет» ЖШС-ға:

- күзетшілер (ерлер мен әйелдер) қажет.

Тел.: 8 707 111 74 07, 8 771 800 77 09.

Әуезов көшесі, 33/35.

«Қорғай-PLUZ А» ЖШС-ға:

- күзетшілер (ерлер мен әйелдер) керек.

Тел.: 8 707 464 42 25.

Бөгенбай батыр көшесі, 256 А.

«Мерей-2030» ЖШС-ға:

- заңгер;
- түрлі жұмыстарға жұмысшылар;
- желдету жүйесінің маманы;
- кондиционерлер бойынша мамандар;
- өрт-күзет сигнализациясының операторы;
- аула сыпырушы қажет.

Тел.: 8 701 760 01 84.

«Солнечный» сүт кешеніне:

- фасовщиктер;
- жүк тиеушілер;
- тазалықшылар керек.

Тел.: 8 701 222 81 03.

Ибрагимов көшесі, 36-үй (Райымбек даңғылының қиылысы).

«Дастархан-той»:

- сатушылар;
- кассирлер;
- тазалықшылар;
- жүк тиеушілер;
- аспаздар;
- кондитерлер;
- наубайшылар іздейді.

Тел.: 8 707 636 50 19.

Аймақтық диагностикаға:

- санитарлар;
- аула сыпырушылар керек

Тел.: 8 777 359 76 90.

«Комета» ЖШС-ға:

- заңгер;
- құю желісіне оператор қажет.

Тел.: 8 701 027 24 04.

Коллекторлық агенттікке:

– өндіріп алу жөніндегі маман керек.

Тел.: 8 771 734 06 60.

«Мамыр-3» ш/а., 17/1.

«Легенда»

тұрғын үй кешеніне:

– диспетчерлер керек.

Тел.: 8 705 254 20 51.

«Cosmomed» ЖШС-ға:

– химиктер қажет.

Тел.: 8 777 016 74 07.

Абай даңғылы, 51/53

«Account garanti.Servis»

ЖШС-ға:

– есепші керек.

Тел.: 8 702 198 07 08.

«City-Bus» ЖШС

автопаркіне:

– есепші қажет.

Тел.: 8 771 228 20 10.

«Кемел» ш/а., Ақсуат қиылысы, 42/2.

«Той-Март» супермаркетіне:

- сатушылар
- қаптаушылар
- жүк тиеушілер
- тазалықшылар керек.

Тел.: 8 771 506 85 36.

Ибрагимов көшесі, 36-үй.

«Даринан» ЖШС-ға:

- кондитерлер;
- құймақ пісіруші;
- мастичица керек.

Тел.: 8 777 221 91 22.

«Ақсай нан-тоқаш комбинаты»

ЖШС-ға:

- экспедитор-жүргізушілер;
- қаттаушылар;
- жинақтаушылар;
- жүк тиеушілер;
- аспаздар;
- сатушы-кассирлер керек.

Тел.: 330-31-26.

«Интер Мульти Сервис»

ЖШС-ға:

- МАЗ-ға Е санатты жүргізуші;
- жүк тиеушілер;
- операторлар;
- түрлі жұмыстарға жұмысшылар;
- тазалықшылар қажет.

Тел.: 8 700 300 10 97.

Бекмаханов көшесі, 96-үй.

СӘТТІЛІК СЕРІГІҢІЗ

БОЛСЫН!



Алмас РАЙХАНҰЛЫ, психолог:

– Адамдар алдында не күтіп тұрғанын білуге құштар. Сосын өткен өмірлеріндегі кейбір жайттарға өздерін кінәлі сезінетіндері бар. Қарғысқа ұшырадым деп, бақсы-балгерлерден көмек сұрайды. Өйткені, көптеген көріпкел, экстрасенстер адамды мазалап тұрған түйткілді түртуге тырысады, сол кезде адам өзі ашылып, алдындағы адамға бәрін жайып салады. Яғни көріпкелдік – адамның наным-сеніміне, әдет-ғұрпына негізделген психотерапия. Адамдардың бойындағы қорқыныш, үрей оның бойындағы қандай да бір дерттің белгісі болуы әбден мүмкін. Бірақ өкінішке қарай, көп адам кәсіби мамандарға, дәрігерге, психолог, психотерапевтердің көмегіне жүгінудің орнына, бақсы, балгер аралап кетеді. Кішкентай балаларын да тәуіптерге сүйрейді. Бұл сауатсыздықтан арылуымыз керек деп есептеймін.

САУАТСЫЗДЫҚТАН АРЫЛУЫМЫЗ КЕРЕК

Тылсымға сенімнің тамыры тереңде



Адам баласы қандай да бір тылсым күштерге сеніп өмір сүреді. Біреулер «Жаратушы жалғыз» деп, Алланың хақтығын мойындаса, енді біреулер бақсы, балгер, сиқыршы, көріпкел, дуа дегеннің бәріне сенеді.

Айнұр СЕНБАЕВА

Елімізде әлеуметтік желілерде жүргізілген сауалнамалардың нәтижелеріне сенсек, 30–55 жас аралығындағы азаматтардың басым көпшілігі бақсы-балгерге баратынын айтқан. Шынында да, кез келген адам өмірінде бір рет болса да емшіге, көріпкелге, нумерологке барып көреді екен. Кейбіреулер тіпті кит етсе құмалақшыға барып, жолын «аштырып» жүреді. Ауылдық жерлерде ұзақ уақыт жауын жаумай, қуаңшылық болса, бір мал сойып тасаттық беру рәсімі әлі де бар.

Бұрынғы адамдардың сиқыршы, шайтан, елес дегендерге сенгенін түсінуге болады. Өйткені, ол кезде кейбір құбылыстарды ғылым түсіндіріп бере алмаған еді. Ал қазіргі ХХІ ғасырдағы өркениетті қоғамда неге адамдар осындай дүниелерге сенеді?

Байқап отырсақ, сиқыршы, зомби, зұлым рух, елес секілді кейіпкерлер кинода өте танымал. Тіпті, қорқынышты фильмдер – тұтас бір индустрия. Фильмдердің басым көпшілігінде адамдар осындай қорқынышты күштермен күреседі.

Белгілі психолог Валентин Шаталиннің айтуынша, тылсымға сенудің тамыры тереңде жатыр. «Ғалым ретінде мен сиқырға сенетіндердің білім деңгейі төмен және олардың заттар мен құбылыстардың табиғатын түсінуге мүмкіндігі жоқ деп айтуыма болар еді. Бірақ бұл біз ойлағандай оңай дүние емес. Адам баласының ойлау жүйесі соншалықты қызық,

біз өзімізді мазалаған, шешімін таппаған дүниемізді түсініксіз түннен, яғни қараңғы жерден жарық іздейміз, ғажайыпқа сенеміз. Мысалы, ежелгі адамдардың кейбірі қараңғыдағы қыбыр-жыбырдың жапырақтың сыбдыры екенін біледі, енді біреулері қараңғыда қорқынышты құбыжық бар деп санайды. Осы генетика бізге берілуі әбден мүмкін. Сондай-ақ, меніңше, адамдардың түрлі құбылыстар мен тылсымға сенуіне әлеуметтік жағдай да әсер етеді. Өйткені, қазіргі кездегі соғыс, әлеуметтік теңсіздік, зорлық-зомбылық адамның бойында қорқыныш тудырады. Жаһандану заманы алға ұмтылған сайын адамның өмір сүру салты өзгереді, бірақ санасы өркениеттің соңынан үлгері алмай жатады. Сондықтан адамдар өзіне түсініксіз сұрақтардың бәрін тылсымнан іздейді», – дейді ғалым.

Расында, адам баласы біліміне, әлеуметтік мәртебесіне, жасына қарамастан, көріпкел, сыған, балшы, сиқыршы, экстрасенс дегендерге сене береді.

Адамдардың сенімін көбінесе алаяқтар пайдаланып кетеді. Естеріңізде болса, өткен ғасырдың 90-жылдары бүкіл ел Кашпировский мен Чумақты пір тұтқан еді.

Одан кейін бүкіл балшы-балгерлер ауыл-ауылды аралап, жаппай ел-жұртты емдеумен айналысты. Ал қазір жалған психологтер мен нумерологтер талайдың басын қатырып жүр.

БАЛ АШТЫРУ – АЙ ЖАРЫҚТА АДАСУ



Айым НҰРМАН

Ақ жаймасын ашып, құмалағын шашып жіберетін балгерлерді көбіне адамдар көп жүретін көше бойы мен базар маңынан көретін едік. Ал қазіргі пандемия жағдайында олар өз клиенттерін әлеуметтік желі арқылы тауып жүр. «Жолынды ашамын», «болашақты болжаймын», «дуа жасап, дем саламын», «жоғалғанды тауып беремін» дейтіндерге сұраныс көп. Өздерін тылсым күштің иесі санайтындарға көбіне кімдер жүгінеді?

Балгерлердің өз жұмысын жалғастыруға карантин де кедергі емес дерсің. Бұрынғы көшеде отырып, өткен-кеткенге бал ашатындар енді онлайн-режимге ауысқанды. Бұл «бақсысымақтар» коронавирустың қашан өршіп, қашан аяқталатынын дөп басып айта алмаса да, тағдырын болжатқысы келетіндерді онлайн немесе телефон

арқылы қабылдап жүр. Біз «Болашақты болжаймын, жолынды ашамын, 100% нәтиже» деп өзін ұсынып жүрген бір балгермен хабарласып, кездесуге тырысып көрдік. Байқасақ, Инстаграм желісі арқылы аты-жөні нақты жазылмаса да бұл паракшаға тіркелушілер жетерлік. Бұдан сұраныстың бар екенін көруге болады. Біз таң

даған көріпкел тек қашықтан жұмыс істейтін болып шықты. Айтуынша, жұмыстары қауырт. Алдын ала тіркеліп, уақытын белгілемесе бей-берекет қабылдамайды. Ең бастысы, Каспий нөміріне айтқан ақшасын саласыз да, фотоңызды жібересіз. Болды. Алғашқы сеансының құны 3000 теңге тұрады. Өзі ұсынатын қызметтер тізімін WhatsApp желісі арқылы жібереді. Бізге «Болашақты болжау, жол ашу, бала көтерту, дуа қайтару, суытпа, ысытпа, арақ қойдыру, саудаға дұға...» деген сияқты ұзын-сонар хабарлама келді.

Көп елдерде мұндай істермен айналысатындарға қатаң тыйым салынған. Тіпті,

ондайлар заң аясында жазаланады. Мәселен, Шешенстан Республикасы алаяқтықпен, яғни көріпкелдікпен, жалған емшілікпен айналысатындарды бақылауда ұстайды. Мұндай іспен айналысуды тоқтатуға уақыт береді. Егер доғармаған жағдайда қылмыстық кодекспен тергеп, тиісті жазасын береді. Бізде арнайы балгерлерге емес, алаяқтықпен ақша тауып, жұртты әбігерге түсіретіндерге арналған заң бар. ҚР Қылмыстық Кодекстің 6-тарауының 177-бабында алаяқтық жайында, өзге жанның мүлігін не ақшасын иемдену туралы айтылған. Тек сол заңды білетіндер аз.

Гүлдана ЖҰМАШЕВА, зейнеткер:

Балгерге бару – надандық

Бүгінгідей дамыған өркениеттің заманында бақсы-балгерге сену сауатсыздық деп ойлаймын. Қазір бейбіт заман болса да, күйзелісте, рухани дағдарыста жүрген адамдар өте көп. Ал ондай адамды алдау мүлдем қиын емес. Қиындыққа ұшыраған адам біреудің оны түсінгеніне, жылы сөздеріне өте зәру болғандықтан, балгерлердің құрығына оңай түсіп қалады. Меніңше, адамдарға көбіне сырласу, ашылып сөйлесу жетіспейді. Сол үшін ең алдымен, отбасы мүшелерімен, туған-туыспен өзара қарым-қатынасты түзеуден бастау керек. Қиындыққа ұшыраған адамның жанында демеу болатын, қолдайтын, ойын ашық айта алатын жанашырлары болса, балгерге барудың қажеттілігі де болмай қалады. Балгерге сеніп, жол аштыру – ай жарықта адасу.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Келешегімді қайдан білсін?!»

Патша Әмір Темірдің алдына уәзірінің бірі жүгіріп келіп:

– Әміршім, сіздің сарайыңызға дүниедегі ең мықты балгер келіп тұр, – дейді.

Әмір Темір кіргізуге бұйырып, балгер сарайға кіргесін:

– Уа, Әміршім, мен сіздің келешегіңізді және алда болатын жорықтарыңызды болжап бере аламын, – депті. Әмір Темір дереу уәзірлерін шақырып:

– Мына балгердің басын шауып тастаңдар, – деп үкім шығарыпты. Үкім лезде бұлжытпай орындалады. Кейін уәзірлері әміршіден балгерді не үшін өлім жазасына кескенін сұрағанда Әмір Темір:

– Ол онбаған өзінің келешегін, яғни басының алынаатынын білгенде бұл жерге келмес еді. Өзін не күтіп тұрғанын білмейтін адам менің келешегімді қайдан білсін, – деген екен.

Айнұр МҰҚАНОВА, психолог:

Өзіне сенімді адам балгерге бармайды

Адамдар өмірде бір қиындыққа тап бола қалса, балгерлердің көмегіне жүгінуге әуес. Ғылымда болжау, дуа деген нәрсе жоқ. Бәрі адамның өзіне, сеніміне байланысты. Өзімен жұмыс істегісі келмейтін, өз өміріне жауапкершілік алғысы келмейтін, саналы, ересек адам ретінде өрекет жасамайтын адамдар қандай да бір тылсым күш көмегімен шешемін деп ойлайды. Бұл – сауатсыздықтың салдары. Көбіне өзіне сенімсіз, рухани әлсіз адамдар тығырықтан шығатын жол деп санайды. Балгерлерге өмірге құштар, өзіне сенімді адам бармайтыны айдан анық. Көріпкелдер түйткілді мәселенің бір шетін қозғап жіберсе болды, адамның оған қайтарған жауабы мен реакциясы арқылы қайғысының негізгі қазығын тауып алады. Сөйтіп, айтқан сөзінің бір-екеуі сәйкес келсе, клиенттің толық сеніміне ие болады.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы!

«Almaty aqshamy» қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«Almaty aqshamy» газет жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
3 айға – 1801,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
3 айға – 4861,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ**



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 26 тамыздағы
№3/439 қаулысы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
2021 жылдың 7 қыркүйегінде тіркелген, №24241

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 16 мамырдағы
№2/301 «Алматы қаласының тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық
кұрылыстарын есепке қою және есептен алу тәртібін
айқындау туралы» қаулысының күші жойылды деп тану
туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының
27-бабының 1-тармағына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ
ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 16 мамырдағы №2/301
«Алматы қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объекті-
лерінің қауіпті техникалық құрылыстарын есепке қою және есептен алу
тәртібін айқындау туралы» қаулысының (Нормативтік құқықтық акті-
лерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1558 болып тіркелген) күші жо-
йылды деп танылсын.

2. «Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен
белгіленген тәртіпте осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігінде мемлекеттік тіркеуді кейіннен Алматы қаласы
әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің
орынбасары С.Д.Құсайыновқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнітізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ.

ОНЛАЙН-ОЛИМПИАДА

Ел шахматшыларының жеңісі



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Шахматтан Қазақстан құра-
масы дүниежүзілік онлайн-оли-
мпиадада көш бастап тұр. Біздің
команда ең мықты саналатын
Қытай командасын жеңді.

Бұл жолы да шахмат ханшайы-
мы Жансая Әбдімәлік топ жарды.
Ол төрт дүркін әлем чемпионы Хоу
Ифаннан басым түсті. Қазақстан-
дық тағы бір мықты Бибісара Асау-
баева турнирде өзінің 6 партиясын
да жеңіп шықты.

Қазақстанның Қытаймен ойы-
ны онлайн-олимпиаданың 4-ту-
рында өтті. Онда біздің шахматшы-
ларымыз алты партияның үшеуін
жеңіп, тағы бірін тең есеппен аяқ-
тады – 3,5-3,5.

Бұл жолы Рамазан Жалмаха-
нов та жеңіске жетті. Сонымен,
1-тур бойынша Қазақстан Грузия-
ны жеңді, есеп: 4,5-1,5. Денис
Махнев, Динара Сәдуақасова,
Бибісара Асаубаева, Рамазан Жал-
маханов сынды кіл мықтылар
жеңіске жетті. 2-турда Қазақстан

құрамасы Сәдуақасова мен Асау-
баева қол жеткізген жеңістің арқа-
сында Индонезиядан 3,5-2,5 есебі-
мен басым түсті.

3-орынды Румыния 4-2 есебі-
мен еншілессе, Асаубаева мен Жал-
маханов жеңіске жетті. 5-кезеңде
қазақстандық шахматшылар Арме-
нияны 3,5-2,5 есебімен, алтыншы
турда Қазақстан құрамасы 5,5-0,5
есебімен Грекияны жеңді. Қазақ-
стан командасы онлайн-олимпиада-
да топ-дивизионда 12 ұпаймен көш
бастап, Қытайды 2 ұпаймен басып
озды.

Енді қазақстандық шахматшы-
ларға Иран, Моңғолия және Авст-
ралиямен 3 ойын өткізу керек. Он-
лай н - о л и м п и а д а да
топ-дивизионның 40 командасы
4 топқа бөлінді, олардың әрқайсы-
сында дөңгелек турнир өтеді. Әр
топтың алғашқы үштігі біліктілік
раунды, ширек финал, жартылай
финал және финалдан тұратын
плей-оффқа шығады. Дүние-
жүзілік шахмат онлайн-олимпиа-
дасы ойын платформасында қа-
шықтан өтеді. Ол 15 қыркүйекте
аяқталады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті
ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз
болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік
қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да
ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі
туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАЛАЛЫҚТАР НАЗАРЫНА

PlayMarket сервисінде – фейк-платформа!



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

PlayMarket сервисінде Android платформасына арналған «Халық санағы-2021» мобильді қосымшасы орналастырылды. Осыған қатысты Ұлттық статистика бюросы аталған платформа ресми емес екенін мәлімдейді. Ол қосымшаны қолдана отырып, санақтан өткен азаматтардың ұсынған бастапқы статистикалық мәліметтерінің құпиялылығы сақталатынына Бюро кепілдік бермейді.

Естеріңізге сала кетейік, қазіргі уақытта респонденттерге санақтан онлайн-режимде өтудің бірнеше жолы қарастырылған. Олар:

• **SANAQ.GOV.KZ сайты;**

• **E-GOV порталы;**

• **AITU мобильді қосымшасы.**

Азаматтардың ыңғайлылығы үшін консультанттары бар санақ бұрыштары ұйымдастырылды.

Ұлттық статистика бюросы азаматтардың белсенділігі үшін алғыс айта отырып, санақты онлайн өтуге шақырады. Білгендеріңіз жөн: **sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді болмақ.** Онлайн-санақтан өтпегендер 1–30 қазан аралығында интервьюерлердің сауалдарына жауап бере алады. Барлық сауал бойынша 1446 байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңырау шалу – тегін. Естеріңізде болсын, Қазақстанда әркім маңызды!

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ ұжымы

Уәлихан Серікұлы АСАНБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

САНАҚ ПАРАҚТАРЫ

**ТҰРҒЫН ҮЙ
ЖАҒДАЙЛАРЫ**

2-Ж БЛАНКІ

8 СҰРАҚ

- Тұрғын үй типі
- Жалпы ауданы
- Сүмен жабдықтау
- Жылыту
- Бөлмелер саны

**ҚАЗАҚСТАНДА
ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫНДАР
ҮШІН**

3-И БЛАНКІ

40 СҰРАҚ

- Жынысы
- Туған күні
- Ұлты
- Білім деңгейі
- Некедегі жағдайы

**ҚАЗАҚСТАНДА
УАҚЫТША ЖҮРГЕНДЕР
ҮШІН**

4-В БЛАНКІ

11 СҰРАҚ

- Жынысы
- Азаматтығы
- Тұрақты тұратын елі
- Қазақстан Республикасына келу мақсаты

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ

Құшағы гүлге толды

Күміс көмей әншіміз Димаш Құдайбергін Сочиде өткен «Жаңа толқында» ән салғанда құшағы гүлге сыймай, асып-тоғиді. Солай болуы керек те.

Ол өнеріне табынушы сансыз жанкүйерінің өзіне құшақ-құшақ гүл сыйлап жатқан сәтті көпшілікпен Instagram парақшасында бөлісті. Иә, «Жаңа толқын» сахнасында Игорь Крутоймен ән салып болған кезде Димашқа гүл ала жүгірген табынушылары көп болды. Ұсынылған гүлдің көптігі сонша, Димаш гүлді бір өзі жинап үлгермей жатты. Сондықтан оған көмекшілері келіп жетті.



Айтпақшы, сол күнгі сахнада ән салған «мен» деген барлық әншінің ішінде ең көп гүл алған біздің Димаш болды. Ол Шуберттің Ave Maria балладасын орындаған болатын.

«Әлем мұғалімдері» санатында



Семейдегі зияткерлік мектеп ұстазы Асхат Жұмабеков «Әлемнің топ-50 мұғалімі» санатына енді.

Ол 2019 жылы отандық Қоғамдық бастамаларды дамыту қоры ұйымдастырған «National Teacher Prize Kazakhstan» ұлттық

сыйлығының финалисі атанған болатын. Енді құны миллион доллар тұратын сыйлық үшін білімін сарапқа салмақ. Нақтырақ айтсақ, физика пәнінің мұғалімі Асхат Жұмабеков «Global Teacher Prize» деп аталатын беделді халықаралық байқаудың финалына шықты. Ол – жаһандық дәрежедегі байқаудың финалына шыққан әзірге жалғыз қазақстандық. «Global Teacher Prize – 2021» сыйлығы үздіктерінің тізіміне енгендер әлемнің 121 мемлекетінен 8000-нан астам номинация бойынша сынға түскендер арасынан іріктеліп алынған.

Иә, бұл жетінші жыл қатарынан өтіп жатқан халықаралық білімділер байқауы. Global Teacher Prize – өзінің кәсіби мамандығына елеулі, тың жаңалық қосқан ұстазға берілетін дәреже. Жеңіске жетсе, миллион долларды қанжығасына байламақ.

Мүмкін еместің бәрін жасап жүрген жігіт



Азамат Оразбек – Алматыға Сыр елінен келген жігіт. Бала күнінде қуаттылығы жоғары трансформатор тоғына түсіп қалып, екі қолынан айырылған.

Бірақ мүмкіндігінің шектеулігіне қарамастан, мүмкін еместің бәрін жасап жүрген жігіт. Әлеуметтік желіде танымал ол мерекелік кештерде ән айтады, екі қолы болмаса да теннис ойнап, халықаралық жарыстарға қатысады. Кезінде жүзумен де айналысқан.

Алматыда үйленіп, үш бала сүйген. Анасы, жұбайы бар – бір үйлі жанның пәтерден-пәтерге көшіп, баспана зардабын бір кісідей тартып жүргеніне біраз жыл болған. Талай есікті қаққаны да жасырын емес.

Осыдан бір ай бұрын ғана ол «Ит өмір» бағдарламасына қатысып, өмірінің кейбір көлеңкелі тұстарымен бөліскен болатын. Журналист Нұрсейіт Жылқышыбайдың жобасынан соң Азамат үшін деп ниет, тілек, жүрек біріктірген халық қаражат жинап, жәрдем беріп, нәтижесінде ол күні кеше ғана Қаскелең қаласынан бес бөлмелі үйге қол жеткізді. Халықтан 20 миллион теңгеге жуық ақша жиналған.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Түймелер патшасы

Оңтүстік Каролина (АҚШ) тұрғыны Далтон Стивенстің хоббиі, яғни ермегі өзгелердікінен өзгеше екен. Оның айнала-сындағы бүкіл зат, бұйым түгел түймелермен көмкерілген.

Ол ұйқысыздық ауруына шалдыққан. Бірнеше күн қатарынан көз ілмеуге бар. Кемпірі қайтыс болған. Жалғыз. Ал балалары жұмысбасты, тек демалыстарда келіп тұрады. Кітап сөресіндегі барлық кітапты оқып, тауысқан қария түн жарымында отырып алып, күнде өзінің джинсы жейдесіне түймелер қадай бастайды, сол арқылы ойларын серік етіп, таңды атырады. Екі жылда бір жейдесіне бас-аяғы түрлі 16 мыңдай түйме тігілген екен. Оның атағын аспандатып жіберген де осы жәй ғана түймелер болды.

Ол енді түймелерді қолына түскен заттарға қадай бастайды. Бас киім, аяқкиім, жейде, шалбар, тіпті, гитараның, фортепианоның беті, машинаның, кез келген тұрмыс-



тық бұйымдардың сырты дейсіз бе, бәрін түрлі-түсті түймелермен ерінбей, жалықпай желімдеп, қадап, әрлеп шығады. Сол ерекше заттарынан мұражай ашып, оған келушілерге тегін қызмет көрсете бастайды.

Сөйтіп, түймелер патшасы Американың танымал ток-шоуларының төрінде отыратын болған. Хоббидің адам өміріне мән сыйлайтынының бір дәлелі де осы болар...



**472 500 \$
тұратын сұңқар**

Сауд Арабиясында 14 елдің селекционерлерінің қатысуымен өткен сұңқар өсірушілердің халықаралық аукционында АҚШ-тан әкелінген ақ сұңқар 472 500 долларға сатылған. Сұңқар 1 жасқа толмаған, салмағы 700 грамм, ал ұзындығы 40 сантиметрден аспайды.

Таяу Шығыста сұңқармен аң аулаудың ұзақ тарихы бар. Парсы шығанағы аймағында сұңқарға иелік ету мәртебе болып саналады, ал құстар көбінесе ауқатты және ықпалды адамдарға ұсынылады. Жоғарыда көрсетілген сомаға сұңқар бірінші рет сатылып отырған көрінеді.

Бүгінде Сауд Арабиясында 20 мыңнан астам сұңқар бар, құстар соншалықты құрметке ие. Олар бұл құстың жойылып кетпеуіне күш салудан шаршамайды.

Моншақтай алмалар

«Құй сен, құй сенбе», якутиялық Никифор Иванов деген бағбан 60 градус аяз болатын аймақта алма өсіріп отырған көрінеді.

Бірақ алмаларының үлкендігі моншақтай ғана. Бағбанның айтуынша, бұл – аймақтағы климаттық ерекшеліктердің салдарынан екен. Себебі, суық ауа райында алмалар кәдімгі біз көріп жүргендей көлемге жете алмай, өспей қалатын көрінеді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

